

Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген қарыздар алудың, мемлекет кепілгерліктерінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 маусымдағы № 331 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 1 шілдеде № 36364 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 137-бабы 1-тармағының 4) және 5)-тармақшаларына, 138-бабтың 7-тармағына, 139-бабтың 4 және 8-тармақтарына, 140-бабтың 4 және 5-тармағына, 141-бабтың 5, 6, және 11-тармақтарына, 145-бабтың 5 және 8-тармақтарына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2)-тармақшасына, "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қарыздар тарту қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шығару қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кепілдік беру қағидалары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Мемлекет кепілдік берген қарызды алған қарыз алушының қаржылық жай-күйі мониторингтеу және мемлекет кепілдік берген қарыз қаражатының пайдаланылуын бақылау қағидалары;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Мемлекет кепілгерлігімен қарыздар беру, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтару қағидалары;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында сатып алу қағидалары;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету қағидалары;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша борыш мониторингінің қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қарыз алу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі
2025 жылғы 30 маусымдағы
№ 331 Бұйрыққа
1 қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қарыздар тарту қағидалары

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қарыздар тарту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 139 бабының 4 тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қарыздар тарту тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бағдарламалық сыртқы қарыз – бағдарламалық жобаны қаржыландыруға тартылатын сыртқы үкіметтік қарыз түрі;

2) бағдарламалық жоба – институционалдық дамуға бағытталған, сондай-ақ республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру шеңберінде бюджеттік қолдау ретінде сыртқы қарыздар қаражаты есебінен іске асырылатын іс-шаралар жиынтығы;

3) институционалдық жоба – саланы (аяны) институционалдық дамытуға бағытталған, бюджеттік бағдарлама әкімшісі белгілі бір уақыт кезеңі ішінде тікелей іске асыратын, аяқталған сипатқа ие және қарыз шартын жасасу жолымен мемлекеттік қарыз алу арқылы қаржыландырылатын іс-шаралар жиынтығы;

4) қарыз алушы – негізгі борышты өтеу және сыйақыларды, сондай-ақ кредиттік шартқа сәйкес басқа да төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелер жүктелген қарыз қаражатын алған қарыз шартының тарабы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қарыз алушы болып бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган әрекет етеді;

3. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 3-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу көлемдерін, нысандарын және шарттарын, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте бекітілетін үкіметтік борышты өтеу және қызмет көрсету көлемдерін анықтайды.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қарыз алуына жол берілмейді.

2-тарау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару жолымен қарыз алу тәртібі

5. Ішкі нарықта мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару Бюджет кодексінің 139-бабының 6-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Сыртқы рынокта несие капиталын орналастыруға байланысты мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте, мемлекеттік бағалы қағаздарды капиталдың сыртқы рыноктарына орналастырғаннан кейін әділет органы қарыздың Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкестігі туралы заңдық қорытынды ресімдейді.

6. Халықаралық капитал нарықтарына мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару үшін:

1) елдің кредиттік рейтингін жаңарту, инвесторларды тарту мақсатында мемлекеттік бағалы қағаздар шығару нарықтары мен әріптестерін айқындау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;

2) осындай мәміле үшін белгіленген талаптарға сәйкес қажетті құжаттаманы дайындау.

3-тарау. Қарыз шарттарын жасасу жолымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы тәртібі

7. Қарыз шарттарын жасасу жолымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында:

- 1) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру үшін;
- 2) институционалдық жобаларды іске асыру үшін;
- 3) мемлекеттік бағдарламаның бекітілген көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында мемлекеттік бағдарламалардың іс-шараларын іске асыру үшін;
- 4) қарыз қаражатының бюджетке тікелей түсуі арқылы жүзеге асырылады.

8. Қаражаты бюджетке тікелей түсетін сыртқы қарыздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан сыртқы қарыз тартуды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мыналар:

- 1) бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне (бұдан әрі – ТЭН) оң экономикалық қорытынды;
- 2) бюджеттік инвестициялық жоба үшін бекітілген ТЭН негіздеме;
- 3) институционалдық жоба үшін бекітілген қаржылық-экономикалық құжаттама;
- 4) бекітілген мемлекеттік бағдарлама;

5) үкіметтік сыртқы қарыз есебінен қаржыландыруға болжанатын әрбір жоба бойынша республикалық бюджет комиссиясының оң шешімі негізінде жүзеге асырады.

Жоғарыда санамаланған құжаттардың көшірмелерін мүдделі мемлекеттік орган қарыз жөнінде келіссөздер жүргізгенге дейін 30 (отыз) жұмыс күн бұрын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Республикалық бюджеттік комиссия шешімінде үкіметтік сыртқы қарыздар есебінен қаржыландыруға болжанған жобаны қаржыландыру көздері белгіленеді.

9. Республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру шеңберінде бюджеттік қолдау ретінде тартылатын сыртқы қарыздар бағдарламалық құжатты әзірлеуді және республикалық бюджеттік комиссия шешімінің қабылдануын талап етпейді.

10. Бағдарламалық сыртқы қарыздар әкімші іс-шараларды іске асыру басталатын бірінші жылдың алдындағы қаржы жылында бюджеттік өтінімнің құрамында берген және жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіндегі іс-шаралардың тізбесі мен есептеулерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сараптамаларды және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның экономикалық қорытындысын ұсына отырып, іс-шаралардың жүзеге асырылуын және тиімділігін

зерделеу нәтижелерін қамтитын бағдарламалық құжатының іс-шаралары бойынша іске асырылады.

11. Бағдарламалық жобалар бюджеттік бағдарлама әкімшісі бекітетін бағдарламалық құжат негізінде іске асырылады.

Бағдарламалық құжатты бюджеттік бағдарламалар әкімшілері әзірлейді және жобаны әзірлеудің барлық кезеңіне арналған іс-шаралар мен есептер тізбесін, сондай-ақ пайдалар мен шығындардың экономикалық талдамасы негізінде жүргізілетін жобаның жүзеге асырылуын және тиімділігін зерделеу нәтижелерін қамтиды.

Бағдарламалық құжат салалық сараптамаға және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да сараптамаларға жатады.

12. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бағдарламалық құжаттың негізділігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікті артады.

13. Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыз шартын жасасу нысанында қарыз алу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мыналарды:

1) қаржыландыруға ұсынылған жоба, күтілетін қарыз шарттары бойынша кредит берушілермен келіссөздер ұйымдастыруды және өткізуді;

2) қарыз шарты мен ілеспе құжаттардың жобаларын дайындауды;

3) қарыз шарты жобасының бюджеттік инвестициялық жобаның ТЭН, институционалдық жобаның қаржылық-экономикалық құжаттамасына немесе мемлекеттік бағдарламаға сәйкестігін бағалауды қамтитын дайындықтарды жүзеге асырады.

14. Үкіметтік қарыз бойынша құжаттамаларды келісуді мүдделі мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

15. Ресімделген қарыз шартына қол қою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Қарыз шарты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің ратификациялауына жатады.

17. Қол қойылған қарыз шарттары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда тіркеуге жатады.

Қарыз шартын ратификациялау нәтижелері бойынша әділет органымен заңнамалық актілеріне қарыздың сәйкес келуі туралы заңды қорытынды ресімдейді.

18. Сыртқы үкіметтік қарыздар бойынша алынған қаражат республикалық бюджетте көрсетіледі және Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңына сәйкес оның атқарылу ретіне қарай пайдаланылады.

19. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндетті түрде ұсынған және кредит берушілерден алынған ақпараттар негізінде сыртқы қарыздардың қаражатын мониторинг алуды жүзеге асырады.

20. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп міндетті түрде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері беретін ақпараттың негізінде және қарыз берушілерден алынатын ақпараттың негізінде үкіметтік сыртқы қарыздардың есебінен қаржыландырылатын жобалардың қаражатын пайдалану мониторингін жүзеге асырады.

Мемлекеттік сыртқы қарыздар мен республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну Бюджет кодексінің 139-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 17 маусымдағы № 456 "Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау. Үкіметтік сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыру тәртібі

21. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі:

1) белгіленген штат саны шегінде жобаны іске асыруға жауапты құрылымдық бөлімшені анықтайды;

2) кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру кезінде жобаны қаржыландыру көлемін белгіленген тәртіппен жоспарлайды;

3) қарыз шартында көзделген рәсімдерге сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жолымен жобаны іске асыруды жүзеге асырады;

4) қарыз берушімен келісілген конкурстық комиссияның шешімі негізінде тауарларды, жұмыстарды және көрсететін қызметтерді сатып алуға келісім-шарттар жасасады;

5) жасасқан келісімшарттардың мониторингін, сондай-ақ сыртқы қарыз қаражатының және қазақстандық тарапының бірлесіп қаржыландырған қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен негізделген себептері мен қажетті растайтын құжаттарды ұсына отырып, қарыз шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді, оның ішінде қарыз санаттары бойынша қаражатты қайта бөлу, қарыздың қаражатына қол жеткізу және қарыз қаражатын жою мерзімін ұзартуды келіседі.

Егер қарыз шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бюджеттік инвестициялық жобаның ТЭН немесе мемлекеттік бағдарламаға өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді талап еткен жағдайда бюджеттік бағдарлама әкімшісі бюджеттік инвестициялық жобаның ТЭН, бағдарламалық құжатқа немесе мемлекеттік бағдарламаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу бойынша рәсімдер өткізеді.

ТЭН немесе бағдарламалық құжатқа енгізілетін өзгерістер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісі бекітеді.

22. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметіне есептілікті ұсыну мақсатында:

- 1) сыртқы қарыздар қаражаттарын пайдалану мониторингін жүзеге асырады;
- 2) бюджеттік бағдарлама әкімшісінің сұрауы негізінде қарыз шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша, оның ішінде қарыздар санаттары бойынша қаражатты қайта бөлу, қарыз қаражатына қол жеткізу және қарыз қаражатын жою мерзімдерін ұзарту бөлігінде ұсыныстарды қарайды.

5-тарау. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурстарды қарыз қаражаты есебінен өткізу тәртібі

23. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша конкурстар өткізу кезінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі:

- 1) қарыз берушімен сатып алынатын тауарлардың, консультанттар үшін техникалық тапсырмалардың, сондай-ақ мердігерлер үшін техникалық құжаттамалардың техникалық ерекшеліктерін әзірлейді және келіседі;
- 2) конкурсқа қатысушылардың конкурстық ұсыныстарын бағалау үшін конкурстық комиссия құрады. Төрағаны қоса алғанда, конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемі 3 (үш) адам болады;
- 3) қарыз берушінің рәсімдерін және тәртібін басшылыққа алады;
- 4) жоба шеңберінде жасалған келісім-шарттардың орындалуын бақылайды.

24. Конкурсқа қатысушылардың біліктіліктеріне, сатып алынатын тауарлардың, мердігерлер үшін конкурстық құжаттамалардың, сондай-ақ атқарушы агенттердің консультанттары үшін техникалық тапсырмалардың техникалық ерекшеліктеріне қойылатын талаптарды әзірлеу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен қарыз берушінің алдын ала келісімі бойынша отандық компаниялардың қатысу мүмкіндіктері ескеріледі.

25. Белгіленетін біліктілік талаптарының дәрежесі келісім-шарттардың уақытылы және сапалы атқарылуына ешқандай қауіп төндірмеуі тиіс, өз кезегінде отандық компаниялардың конкурсқа қатыспай қалуына себеп болуы мүмкін негізсіз жоғары талаптардың орын алуын жою қажет.

26. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша қарыз берушінің ережелерінде отандық мердігерлерге, тауарлар өндірушілерге (берушілерге) және консультанттарға көзделген жеңілдіктер орын алған жағдайда атқарушы агент конкурстық құжаттарда көзделген жеңілдіктерді ескере отырып түскен конкурстық ұсыныстарды бағалау және салыстыру рәсімдері сипатталған тиісті баптарды көздейді.

27. Егер, халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, үкіметтік сыртқы қарыз шеңберінде қаржыландырылатын жобаны іске асыру мақсатында Қазақстан

Республикасының бірлесіп қаржыландыру қаражатынан тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 30 маусымдағы
№ 331 Бұйрыққа
2-қосымша

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шығару қағидалары

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қарыздар тарту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 140 бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шығару тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғым пайдаланылады:

1) жергілікті атқарушы орган - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

2-тарау. Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу тәртібі

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуы:

1) республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер алу;

2) қаржы жылы ішінде қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қолма-қол ақшаның болжамды тапшылығын жабуға жоғары тұрған бюджеттен бюджеттік кредиттер алу;

3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу мақсаттарының тізбесіне сәйкес шығыстарды қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберуге мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы түрінде жүзеге асырылады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу мақсаттарының тізбесін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш саласында бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен айқындалды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 385 қаулысымен бекітілді;

4) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберуге мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес "жасылға" жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарынан ұлттық валютада қарыз алуы түрінде жүзеге асырылады.

4. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) тиісті қаржы жылына арналған борыш лимиті және тиісті жергілікті атқарушы органның борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге бағытталған жергілікті бюджет қаражатының көлемі шегінде қарыз алуды шектеуді белгілеу;

2) қарыз алудың инвестициялық басымдықтарын айқындау;

3) басым (республикалық немесе жергілікті) бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру.

5. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы жергілікті атқарушы органның борыш лимитін және басым (республикалық және жергілікті) бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін ескере отырып, тиісті бюджет комиссиясының қарауына осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының қарыз алуы жөніндегі ұсыныстарын жібереді және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті қаржы жылына арналған бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын жасайды.

6. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы қарыз шарты, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығару нысанында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының қарыз алуы "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес "жасылға" жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз алуы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 17 маусымдағы № 449 қаулысымен айқындалатын тәртіппен "

Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздарды ұлттық валютада шығару, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес "жасыл" жобаларға жатқызылған жобаларды қаржыландыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарынан ұлттық валютада қарыз алу нысанында жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы орналастыру жөніндегі агенттен алынған негізгі борыштың, сыйақының және бағалы қағаздар шығару талаптарында көзделген өзге де төлемдердің есептелген және төленген сомалары туралы ақпарат негізінде бағалы қағаздарды орналастырудан алынған қаражатты есепке алуды жүзеге асырады.

8. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар шығару есебінен қаржыландырылатын "жасыл" жобаларға жатқызылған жобалардың қаражатын пайдалану мониторингін жүзеге асырады.

9. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 137-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес республикалық бюджет туралы заңмен бекітілетін жергілікті атқарушы органдар борышының лимитін айқындайды.

10. Бюджет комиссиясының шешімі және жергілікті бюджеттер тапшылығының бекітілген параметрлері негізінде, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары және ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органын Бюджет кодексінің 140-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының белгілі бір заңнамалық актісінде мемлекеттік бағалы қағаздарды бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен облыстың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруының көлемі мен республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының сыртқы мемлекеттік қарыздарын, сондай-ақ Бюджет кодексінің 140-бабының 4-тармағына сәйкес тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілетін борышты өтеу мен оған қызмет көрсету мөлшері бекітілсін.

11. Ресімделген қарыз шартына қол қою Бюджет кодексінің 155-бабына сәйкес қабылданатын қарыз берушінің шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

12. Қол қойылған қарыз шарттары өтеу, сыйақы төлеу кестелерімен және басқа да қосымшалармен бірге бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тіркеуіне жатады. Бұл ретте қарыз шарты оны тіркегеннен кейін ғана күшіне енеді.

13. Жергілікті атқарушы органдар бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға борыштың жай-күйі және оған қызмет көрсету туралы есепті тоқсан сайын осы бұйрыққа 9 қосымшаға сәйкес Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш,

мемлекеттің кепілгерлігі бойынша борыш мониторингінің қағидаларына сәйкес ұсынады.

3-тарау. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының қарыздары есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыру.

14. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы растайтын құжаттаманы қоса бере отырып, қарыз шартының жобасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға келісуге және қарауға жібереді.

15. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының сыртқы мемлекеттік қарыздарының талаптары, көлемі және нысаналы мақсаты тұрғысынан қарыз шартының жобасын қарайды.

16. Ресімделген қарыз шартына қол қою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның қол қойылған қарыз шарты тіркелуге жатады. Қарыз шарты қарыз шартының талаптарына сәйкес мемлекеттік қазынашылықта тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

18. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы қарыз берушілерден негізгі борыштың, сыйақының және қарыз шартында көзделген өзге де төлемдердің есептелген және төленген сомалары туралы алынатын ақпарат негізінде сыртқы қарыздар қаражатын есепке алуды жүзеге асырады.

19. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес "жасылға" жатқызылған, қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалар қаражатының пайдаланылуына мониторингті жүзеге асырады.

20. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы:

1) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет жобасын қалыптастыру кезінде белгіленген тәртіппен жобаны қаржыландыру көлемін жоспарлайды;

2) қарыз шартында көзделген рәсімдерге сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу арқылы жобаны іске асыруды жүзеге асырады;

3) конкурстық комиссияның қарыз берушімен келісілген шешімі негізінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға келісімшарттар жасасады;

4) жасалған келісімшарттардың мониторингін, сыртқы қарыз қаражатын, сондай-ақ олар бөлінген жағдайда жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын мақсатты пайдалануды қамтамасыз етеді.

21. Қарыз шартына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне (бұдан әрі – ТЭН) немесе қаржы-экономикалық негіздемесіне (бұдан әрі – ҚЭН) өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап еткен жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы бюджеттік инвестициялық жобаның ТЭН немесе ҚЭН өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу жөніндегі рәсімдерді жүргізеді.

22. ТЭН немесе ҚЭН енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының бекітуіне жатады.

23. Қарыз шартына сыртқы мемлекеттік қарыздардың талаптарын, көлемін және нысаналы мақсатын өзгерту бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, қарыз шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жобасын Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның қарауына және келісуіне енгізеді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының сыртқы мемлекеттік қарыздарының талаптарын, көлемі және нысаналы мақсаты тұрғысынан қарыз шартына өзгерістер және (немесе толықтырулар) енгізу жобасын қарайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 30 маусымдағы
№ 331 Бұйрыққа
3-қосымша

Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу қағидалары

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 141-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік

кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың есебінен қаржыландырылуға ұсынылатын инвестициялық жобаларды (бұдан әрі – инвестициялық жобалар) іріктеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бизнес-жоспар – алдағы қарыз жылындағы төлемдер мен кіріс көздерінің түрлері туралы кесте қамтылатын тиісті қаржы жылына арналған қарыз алушы әзірлейтін құжат;

2) қарыз алушы – негізгі борышты өтеу және сыйақыны, сондай-ақ кредиттік шартқа сәйкес басқа да төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді мойнына алатын қарыз қаражатын алатын қарыз шартының тарабы. Мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыз алған кезде қарыз алушы заңды тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті болады;

3) мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім – бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның, сенім білдірілген өкілдің (агенттің) және қарыз алушының арасындағы мемлекеттік кепілдік беру туралы тараптардың құқықтық қатынастарын белгілейтін мемлекет кепілдік берген қарыз, мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді атқарған жағдайда оқшауландырылған республикалық бюджеттің қаражатын қайтару бойынша мемлекет кепілдік берген қарыз шартына сәйкес міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі келісім;

4) сенім білдірілген өкіл (агент) - мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім негізінде мемлекеттік кепілдік беруге байланысты жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ тапсырма шартының негізінде мемлекеттік кепілдік және мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда қарыз алушының республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтарылуына байланысты жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ететін тұлға болып табылады.

3. Мемлекеттік кепілдіктер беру процесі мынадай негізгі кезеңдерді:

1) инвестициялық жобаларды іріктеуді;

2) мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыруды, қарау мен бекітуді;

3) мемлекеттік кепілдікті беруді қамтитын іс-шаралар кешенінен тұрады.

4. Мемлекеттік (үкіметтік, тәуелсіз) кепілдіктер беру процесінің негізгі қатысушылары қарыз алушылар, салалық уәкілетті органдар, экономикалық жоспарлау жөніндегі, бюджетті атқару жөніндегі, еңбек жөніндегі уәкілетті орган, әділет органы, Республикалық бюджет комиссиясы, сенім білдірілген өкіл (агент) болып табылады.

5.. Қарыз алушылар:

1) жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі - ТЭН) және инвестициялық жобалардың бизнес-жоспарларын даярлауды жүзеге асырады;

2) осы Қағидаларына және мемлекеттік кепілдіктер беру процесіне қатысушылардың талаптарына сәйкес инвестициялық жобаларды қарау үшін талап етілетін құжаттамаларды ұсынуды қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздарды беру шарттары бойынша әлеуетті қарыз берушілермен келіссөздер жүргізеді;

4) мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім жасайды.

6. Салалық уәкілетті органдар:

1) инвестициялық жобаларға салалық сараптама жүргізеді;

2) салалық сараптаманың нәтижелері бойынша тиісті қорытындыларды ұсынады;

3) мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздарды беру шарттары бойынша әлеуетті қарыз берушілермен келіссөздерге қатысады;

4) инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізеді.

7. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) инвестициялық жобалардың қаржылық сараптамасын жүзеге асырады;

2) мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздарды беру шарттары бойынша әлеуетті қарыз берушілермен келіссөздерге қатысады;

3) мемлекеттік кепілдіктер беру туралы келісім жасасады;

4) мемлекеттік кепілдіктер береді.

8. Еңбек жөніндегі орталық уәкілетті орган ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында инвестициялық келісім-шарттар жобаларының сараптамасын жүзеге асырады.

9. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) инвестициялық жобаларды қарау процесінде ұйымдық басшылықты қамтамасыз етеді;

2) инвестициялық жобалардың экономикалық қорытындысын жүзеге асырады;

3) мемлекет кепілдік берген қарыздарды тарту үшін несие капиталының нарықтарын (ішкі және сыртқы) айқындайды;

4) жоспарланып отырған мерзімге мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті бойынша ұсынысты, инвестициялық жобалардың тізімінің жобасын қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді;

5) жобаны іске асыру үшін, оның ішінде мемлекеттік кепілдік берілген бұрын тартылған мемлекеттік емес қарызды өтеу үшін мемлекеттік кепілдікпен жаңа мемлекеттік емес қарызды тартуға қорытынды береді;

6) мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздарды беру шарттары бойынша әлеуетті қарыз берушілермен келіссөздерге қатысады;

7) инвестициялық жобаларға бағалау жүргізеді.

10. Әділет органы мемлекеттік кепілдіктермен жасалатын қарыз шарттарына заң сараптамасын жүргізеді.

11. Республикалық бюджет комиссиясы:

1) жоспарланған кезеңге мемлекеттік кепілдіктер беру лимитін анықтайды;

2) мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесін анықтайды;

3) әр инвестициялық жоба үшін жоспарланған кезеңге мемлекеттік кепілдіктерді беру лимиті шегінде мемлекеттік кепілдіктің мөлшерін анықтайды.

12. Мемлекеттік кепілдіктер беру процесіне өз құзыретінің бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық жобаларды бағалауды (сараптаманы) жүргізуге уәкілеттік берілген уәкілетті басқа да мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар қатысады.

2-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен мемлекеттік емес қарыздар қаражатының есебінен қаржыландыру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу тәртібі

13. Мемлекеттік кепілдік алуға үміткер заңды тұлғалар бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

жобаның ТЭН-ін;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті салалық сараптаманың және басқа да сараптамалардың оң қорытындыларын қоса бере отырып өтінімді ұсынады.

14. Жобаны іске асыру үшін, оның ішінде мемлекеттік кепілдік берілген бұрын тартылған мемлекеттік емес қарызды өтеу үшін ішкі нарықта мемлекеттік кепілдікпен жаңа мемлекеттік емес қарызды тарту жобаның ТЭН-ін түзету және инвестициялық жобаның жаңа ТЭН-ін әзірлеу үшін негіз болып табылмайды.

Бұрын мемлекеттік кепілдік берілген инвестициялық жобалар бойынша мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартылған, сондай-ақ тиісті қорытындылар берілген инвестициялық жобаның ТЭН негізінде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы беріледі.

Бұл ретте, қарыз алушы ішкі нарықта мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартылғаннан кейін 1 (бір) ай ішінде мемлекеттік кепілдікпен бұрын тартылған қарызды толық көлемде өтеуді жүзеге асырады.

15. Жобаны іске асыру үшін, оның ішінде мемлекеттік кепілдік берілген бұрын тартылған мемлекеттік емес қарызды өтеу үшін несие капиталының сыртқы нарықта мемлекеттік кепілдікпен жаңа мемлекеттік емес қарызды тарту жобаның ТЭН-ін түзету және инвестициялық жобаның жаңа ТЭН-ін әзірлеу үшін негіз болып табылмайды.

Бұрын мемлекеттік кепілдік берілген инвестициялық жобалар бойынша мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартылған, сондай-ақ тиісті қорытындылар берілген инвестициялық жобаның ТЭН негізінде бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы беріледі.

16. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес толық емес құрамдағы құжаттармен ұсынылған өтінімдерді бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган оны одан әрі

пысықтау үшін қабылданбау себептерін көрсете отырып 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады. Өтінімді қабылдамау себептері жойылғаннан кейін мемлекеттік кепілдік алуға үміткер заңды тұлғалар өтінімді қайта ұсынады.

17. Осы Қағидалардың 14 және 15-тармақтарында көрсетілген инвестициялық жобаларды қоспағанда, осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес өтінімді ұсынғаннан кейін бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады және 2 (екі) ай ішінде экономикалық сараптамасын әзірлейді.

18. Инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасы қорғаныс мұқтаждарына, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіптік қамтамасыз етуге арналған әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің импорты кезінде инвестициялық жобаны қоспағанда – жоба ТЭН әзірлеу шеңберінде, осы Қағидаларымен көзделген сараптамалар бойынша қорытындылар негізінде жүргізілген инвестициялық жобаны экономикалық талдауды кешенді бағалау, ол мыналарды:

- жоба мақсаттарының басым мемлекеттік инвестицияларға сәйкестігін бағалауды;
- экономикалық талдауды бағалауды;

- инвестициялық жоба іске асырылған жағдайда республикалық және жергілікті бюджеттерге салық түсімдерінің ағынын талдауды қамтиды.

19. Инвестициялық жоба сараптамасының экономикалық қорытындысы қорғаныс мұқтаждарына, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіптік қамтамасыз етуге арналған әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің импорты кезінде орталық және арнаулы мемлекеттік органдардың оң салалық қорытындыларының болуын бағалауды қамтиды.

20. Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобалар бойынша ТЭН әзірлеуге немесе түзетуге және оның экономикалық сараптамасына қойылатын талаптарды Бюджет кодексінің 141-бабының 5-тармағына сәйкес бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

Мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобаларға экономикалық сараптаманы Бюджет кодексінің 141-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған заңды тұлға жүзеге асырады.

21. Осы тарауда көрсетілген сараптамаларды жүргізу туралы қажетті құжаттардың тізбесін тиісті мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдар ұсынады.

22. Осы Қағидалардың 14 және 15-тармақтарында көрсетілген инвестициялық жобаларды қоспағанда, бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік

кепілдіктерді беру үшін экономикалық сараптаманы есепке ала отырып, инвестициялық жобалар бойынша ТЭН-ді қарайды және олар бойынша экономикалық қорытындыны мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер заңды тұлғаларға жолдайды.

23. Осы Қағидалардың 14 және 15-тармақтарында көрсетілген инвестициялық жобаларды қоспағанда, мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер заңды тұлғалар бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобалар бойынша бекітілген ТЭН-ді, ол бойынша оң экономикалық қорытындыны және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажет басқа да қорытындыларды ұсынады.

24. Бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеуді жүзеге асырады.

25. Осы Қағидалардың 14 және 15-тармақтарында көрсетілген инвестициялық жобаларды қоспағанда, осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген сараптамаларға оң қорытындылардың бары-жоғы мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесіне инвестициялық жобаны енгізу үшін шарт болып табылады.

26. Осы Қағидалардың 14 және 15-тармақтарында көрсетілген инвестициялық жобалар бойынша Бюджет кодексінің 141-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес бекітілетін тиісті жылдың мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізу үшін негіз бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы болып табылады.

3-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға арналған инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру, қарау және бекіту тәртібі

27. Республикалық бюджет комиссиясы жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде жоспарланып отырған үш жылдық кезеңге мемлекеттік кепілдіктерді беру лимитін анықтайды.

28. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган экономикалық қорытындылар негізінде жобалар бойынша экономикалық қорытындыларын қоса, мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалар тізбесінің жобасын қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

29. Республикалық бюджет комиссиясы бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган ұсынған инвестициялық жобалар тізбесінің жобасын қарау кезінде тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік кепілдіктерді беру лимитіне енетін, бір жылға арналған инвестициялық жобалардың тізбесін айқындайды.

30. Республикалық бюджет жобасын қалыптастыру барысында бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет комиссиясының шешімі бойынша инвестициялық жобалардың тізбесін пысықтайды және әрбір инвестициялық жоба бойынша мемлекеттік кепілдіктердің сомасын қайта қарайды.

31. Республикалық бюджет комиссиясының қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесі Бюджет кодексінің 141-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 30 маусымдағы
№ 331 Бұйрыққа
4-қосымша

Мемлекеттік кепілдік беру Қағидалары

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттік кепілдік беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 141-бабы 6-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер (бұдан әрі – мемлекеттік кепілдіктер) беру тәртібін және мемлекеттік кепілдіктердің нысанын анықтайды.

2. Осы Қағидаларында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) екінші деңгейдегі банк – "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банк қызметін жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға;

2) бизнес-жоспар – алдағы қарыз жылындағы төлемдер мен кіріс көздерінің түрлері туралы кесте қамтылатын алдағы қаржы жылына арналған қарыз алушы әзірлейтін құжат;

3) қарыз алушы – негізгі борышты өтеу және сыйақыны, сондай-ақ кредиттік шартқа сәйкес басқа да төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді мойнына алатын қарыз қаражатын алатын қарыз шартының тарабы. Мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыз алған кезде қарыз алушы заңды тұлға-Қазақстан Республикасының резиденті болады;

4) мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім – бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның, сенім білдірілген өкілдің (агенттің) және қарыз алушының арасындағы мемлекеттік кепілдік беру туралы тараптардың құқықтық қатынастарын белгілейтін мемлекет кепілдік берген қарыз, мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді

атқарған жағдайда оқшауландырылған республикалық бюджеттің қаражатын қайтару бойынша мемлекет кепілдік берген қарыз шартына сәйкес міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі келісім;

5) облигациялар ұстаушылардың өкілі – бағалы қағаздардың қайталама нарығында инфрақұрылымдық облигацияларды айналдыру, облигациялар бойынша сыйақылар төлеу және оларды өтеу үстінде эмитентпен жасалған шарт негізінде қарыз берушілер мүддесінде әрекет ететін ұйым;

6) сенім білдірілген өкіл (агент) – мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім негізінде мемлекеттік кепілдік беруге байланысты жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ тапсырма шартының негізінде мемлекеттік кепілдік және мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда қарыз алушының республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтарылуына байланысты жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ететін тұлға болып табылады;

7) шартты салымның арнайы шоты (қызмет көрсету шоты) – қарыз алушының сенім білдірілген өкіл (агент) ашқан және тек қана мемлекет кепілдік берген қарыз, мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыз бойынша алдағы төлемдерді өтеуді қамтамасыз етуге ғана арналған арнайы шартты салым шотында ақшаның бөлігін мерзімді төлеу арқылы міндетті жинақтамасы.

Шартты салымның арнайы шотындағы (қызмет көрсету шоты) қаражат қарыз туралы шартқа (келісімге) сәйкес алдағы төлем күніне дейінгі 35 (отыз бес) күн бұрын негізгі борыштың, есептелген пайыздардың (сыйақының), сондай-ақ өзге де төлемдердің алдағы төлемдерінің 100 (жүз) пайызы мөлшерінде белгіленеді.

2-тарау. Мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру тәртібі және нысаны

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялық жобалардың тізбесін бекіткеннен және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен және әділет органымен қарыз шартының жобасы немесе облигациялар шығарылымы проспектісінің жобасын келісілген кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қарыз алушылармен және сенім білдірілген өкілмен (агентпен) мемлекеттік кепілдіктер беру туралы келісім жасасады.

4. Қарыз алушылар техникалық-экономикалық нысан (бұдан әрі – ТЭН) жобасын, салалық сараптаманың, экономикалық сараптаманың және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті басқа да сараптамалардың оң қорытындыларын ұсынғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық жобаның сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады және 2 (екі) ай ішінде тиісті қорытындыны әзірлейді.

5. Жобаны іске асыру үшін, оның ішінде мемлекеттік кепілдік берілген бұрын тартылған мемлекеттік емес қарызды өтеу үшін мемлекеттік кепілдікпен ішкі нарықта жаңа мемлекеттік емес қарызды тарту кезінде қарыз алушы бұрын мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартылған инвестициялық жобаның ТЭН-ін, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын, сондай-ақ бұрын берілген салалық сараптаманың және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті басқа да сараптамалардың оң қорытындыларын ұсынғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган тиісті қорытындыны әзірлейді.

Бұл ретте, қарыз алушы мемлекеттік кепілдікпен ішкі нарықта мемлекеттік емес қарыз тартылғаннан кейін бір ай ішінде мемлекеттік кепілдікпен бұрын тартылған қарызды толық көлемде өтеуді жүзеге асырады.

6. Жобаны іске асыру үшін, оның ішінде мемлекеттік кепілдік берілген бұрын тартылған мемлекеттік емес қарызды өтеу үшін мемлекеттік кепілдікпен несие капиталының сыртқы нарығында жаңа мемлекеттік емес қарызды тарту кезінде қарыз алушы бұрын мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартылған инвестициялық жобаның ТЭН-ін, бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын, сондай-ақ бұрын берілген салалық сараптаманың және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті басқа да сараптамалардың оң қорытындыларын ұсынғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган тиісті қорытындыны әзірлейді.

7. Бюджет кодексінің 141-бабтың 3-тармағына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, заңды тұлғамен іске асырылатын инвестициялық жобаның сараптамасы бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы мыналарды:

мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыздың қаржылық шарттарын ;

мемлекеттік кепілдіктерді алғаны туралы өтініш білдіргенге дейін 3 (үш) жылдан кем емес кезеңде қарыз алушының қаржылық жай-күйін және заңды мәртебесін;

қарыз алушы беретін мемлекеттік кепілдіктер бойынша қамтамасыз етуді;

қаржылық және өзге де тәуекелдерді;

мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын Бюджет кодексінің талаптарына қарыз алушының сәйкестігін бағалауды қамтиды.

8. Бюджет кодексінің 141-бабтың 4-тармағына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілері іске асыратын инвестициялық жобаны сараптау бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы мыналарды:

мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыздың қаржылық шарттарын ;

республикалық бюджеттен қаражат бөлу жолымен қарыз беруші алдында мемлекет кепілдік берген қарыздары бойынша қарыз алушы міндеттемелерін қамтамасыз ету тетігін;

мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын Бюджет кодексінің талаптарына қарыз алушының сәйкестігін бағалауды қамтиды.

9. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бұрын мемлекеттік кепілдік берілген инвестициялық жоба бойынша қорытындысы мемлекеттік кепілдікпен тартылатын жаңа мемлекеттік емес қарызды тартудың мүмкіншіліктерін бағалауды қамтиды.

10. Мемлекеттік кепілдікті беру туралы келісім мыналарды:

1) қарыз алушыға қойылатын талаптарды:

а) қарыз бойынша ағымдағы міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін қажетті алдағы төлемдер мөлшерінде шартты салымның (қызмет көрсету шотының) арнайы шотында ақша сомасын жинауды жүргізуді;

б) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға және сенім білдірілген өкілге (агентке) бар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі, екінші деңгейдегі банктердегі, шетелдік банктер мен заңнамада белгіленген тәртіппен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы банктік шоттар туралы мәліметтерді ұсынуды;

в) қарыз толық өтелгенге дейін сенім білдірілген өкілге (агентке) жыл сайынғы бизнес-жоспарды ұсынуды;

г) ай сайын қаржылық есептіліктің үлгілік нысанын (бухгалтерлік балансты, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепті, пайда мен зиян туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, түсіндірме жазба) ұсынуды;

д) Бюджет кодексінің 141-бабынның 3-тармағының 4-тармақшасына сәйкес қарыздардың қайтарымдығының қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын екінші деңгейдегі банктің кепілдігінің немесе сақтандыру шартының болуын.

Екінші деңгейдегі банктің кепілдігі қарыз шарты қолданылатын тұтас мерзімге 1 (бір) рет беріледі және негізгі борыштың сомасын, сондай-ақ қарыз шартына сәйкес қарыз алушы жүзеге асыратын сыйақылардың, комиссиялардың, тұрақсыздық айыптарының (өсімпұл, айыппұл) және өзге де төлемдердің барлық сомаларын жабады.

Сақтандыру шарты қарыз алушыны дефолтқа және мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді мемлекеттің орындауына әкеп соқтыратын жобалар бойынша тәуекелдерді сақтандыруды қамтамасыз етеді.

Бұл ретте банк кепілдігін беру және/немесе сақтандыру шартының және банк кепілдігіне және/немесе қарызды қайтаруды қамтамасыз ету жөніндегі сақтандыру шартына талаптарды беру мерзімі мен талаптарын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік кепілдікті беру туралы келісімде белгілейді.

2) шартты салымның арнайы шотындағы (қызмет көрсету шотындағы) қаражаттың есебін жүзеге асыруды, сондай-ақ акт жасай отырып ұсынылатын құжаттамаларға кезең-кезеңде салыстыру жүргізуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органнан талап етуді;

3) сенім білдірілген өкілге (агентке) жүзеге асыру бойынша талаптар:

а) қарыз алушының қаржы-экономикалық жай-күйін талдауды және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға тиісті талдау нәтижелері туралы ақпаратты ұсынуды;

б) шартты салымның арнайы шотында (қызмет көрсету шотында) ақшаны мерзімді шоғырландыруды.

4) қарыз алушымен және сенім білдірілген өкілмен (агентпен) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесе отырып келісіммен анықталатын шартты салымның арнайы шотына ақша аударудың нормасы мен кезеңділігін (кестесін) жүзеге асыру жөнінде қойылатын талаптарды қамтиды.

Ақшаны қарыз алушы шартты салымның арнайы шотына салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін келісімге сай тиісті соманы тұрақты аударым жасау жолымен аударады.

Шартты салымның арнайы шотындағы (қызмет көрсету шоты) қаражат қарыз туралы шартқа (келісімге) сәйкес алдағы төлем күніне дейінгі 35 (отыз бес) күн бұрын негізгі борыштың, есептелген пайыздардың (сыйақының), сондай-ақ өзге де төлемдердің алдағы төлемдерінің 100 (жүз) пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Шартты салымның арнайы шотының (қызмет көрсету шотының) қаражатын жинау мен қалпына келтіру мерзімдерін бұзған жағдайда қарыз алушы әрбір жолсыздық жағдайы үшін алдағы төлемдер сомасынан мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз мөлшерінде айыппұл төлейді.

11. Мемлекеттік кепілдіктер алуға үміткер тұлғалар Бюджет кодексінің 141-бабының 3 және 4-тармақтарымен орнатылған талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Мемлекеттік кепілдіктер әрбір инвестициялық жоба бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары негізінде беріледі.

12. Мемлекеттік кепілдік келесі нысандардың бірінде беріледі:

1) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен қарыз беруші (облигациялар ұстаушылардың өкілі) арасында кепілдік шартын жасасу;

2) мемлекеттік емес қарыз бойынша кепілгердің міндеттемесін (кепілдік міндеттемесін) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның қабылдағаны туралы жазбаша хабарлау.

Осы Қағидаларының 16 және 17-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін құжат мемлекеттік кепілдік болып танылады. Мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының өзге де актілері мен құжаттарында мемлекеттік кепілдіктің заңдық күші болмайды.

13. Кепілдік міндеттеме нысанында берілген мемлекеттік кепілдік екі данада бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ресми бланкісінде ресімделеді.

14. Кепілдік туралы шарт нысанындағы мемлекеттік кепілдік 2 (екі) данада ресімделеді.

15. Мемлекеттік кепілдік беру мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдік жөніндегі міндеттемелерін орындауға байланысты республикалық бюджеттен берілген қаражаттарды қайтару жөніндегі міндеттемелердің орындалуы қамтамасыз етілгенін растайтын құжаттар ресімделіп, тіркелгеннен кейін жүзеге асырылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, сенім білдірілген өкіл (агент) және мемлекет кепілдік берген қарызды алушы арасындағы тараптардың мемлекеттік кепілдік беру, мемлекет кепілдік берген қарыз шартына сәйкес міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету, мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтару жөніндегі құқықтық қатынастарды белгілейтін келісім мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім болып табылады.

16. Әрбір инвестициялық жоба бойынша кепілдік шартына, кепілдік міндеттемесіне бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы қол қояды.

17. Кепілдік шартында немесе кепілдік міндеттемесінде:

1) оған сәйкес мемлекеттік кепілдік берілетін Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының деректемелері;

2) қарыз алушының атауы және тұрған жері;

3) қарыз алушының негізгі міндеттемесінің мазмұны;

4) кепілдік берілетін қарыз сомасы, берілетін мемлекеттік кепілдіктің күші қолданылатын қарыз бойынша кепілдік берілетін басқа да міндеттемелер;

5) мемлекеттік кепілдіктің қолданылу мерзімі;

6) кепілдік шартына (кепілдік міндеттемесіне) қол қойған лауазымды адам көрсетіледі.

Кепілдік шартында, кепілдік міндеттемесінде осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көзделген шарттар болмаған кезде:

мемлекеттік кепілдік борышкердің қарыз бойынша барлық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

мемлекеттік кепілдік қарыз шартының қолданылу мерзіміне берілді деп саналады.

Кепілдік шартында және кепілдік міндеттемесінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген талаптар болмаған, оларға қол қойылған, сондай-ақ осы Қағидаларының 16-тармағын бұза отырып, уәкілетті емес тұлға қарыз алушының міндеттемелерін авальдандырған кезде мемлекеттік кепілдік жарамсыз болып саналады

18. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидаларының 17-тармағына сәйкес қарыз берушімен және әділет органымен келісім бойынша мемлекеттік кепілдіктің мазмұны мен нысанын анықтайды.

19. Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар қарыз алушылардың міндеттемелерін қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында реттеледі.

20. Қарыз берушінің талабы бойынша әділет органы Қазақстан Республикасының кепілдігімен жасалатын қарыз шарттарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кепілдігімен облигациялар шығарылымының заңды қорытындысын ұсынады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 30 маусымдағы
№ 331 Бұйрыққа
5-қосымша

Мемлекет кепілдік берген қарызды алған қарыз алушының қаржылық жай-күйі мониторингтеу және мемлекет кепілдік берген қарыз қаражатының пайдаланылуын бақылау қағидалары

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекет кепілдік берген қарызды алған қарыз алушының қаржылық жай-күйі мониторингтеу және мемлекет кепілдік берген қарыз қаражатының пайдаланылуын бақылау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 141-бабы 11-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік кепілдіктермен қарыз алған заңды тұлғаның қаржылық жай-күйі мониторингінің тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бизнес-жоспар – алдағы қарыз жылындағы төлемдер мен кіріс көздерінің түрлері туралы кесте қамтылатын алдағы қаржы жылына арналған қарыз алушы әзірлейтін құжат;

2) қарыз алушы – негізгі борышты өтеу және сыйақыны, сондай-ақ кредиттік шартқа сәйкес басқа да төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді мойнына алатын қарыз қаражатын алатын қарыз шартының тарабы. Мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыз алған кезде қарыз алушы заңды тұлға-Қазақстан Республикасының резиденті болады;

3) сенім білдірілген өкіл (агент) – мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім негізінде мемлекеттік кепілдік беруге байланысты жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ тапсырма шартының негізінде мемлекеттік кепілдік және

мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда қарыз алушының республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтарылуына байланысты жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ететін тұлға болып табылады.

2-тарау. Мемлекет кепілдік берген қарызды алған қарыз алушының қаржылық жай-күйі мониторингінің тәртібі

3. Қаржылық коэффициенттерді сенім білдірілген (агент) мемлекет кепілдігімен қарыз алған қарыз алушының қаржылық есептілігінің негізінде жылына 2 (екі) рет есептейді. Мемлекет кепілдігімен қарыз алған қарыз алушы Банкке қаржылық есептілікті, сондай-ақ тиісті қосымшалар мен оның таратылып жазылуын ұсынады.

4. Мониторингке мемлекет кепілдігімен қарыз алған және қарыз беруші және (немесе) республикалық бюджет алдында борышы бар қарыз алушылар жатады.

5. Мониторинг базалық (заңды тұлғаның басшылығы, қызметінің, саласының түрлері, бәсекелестері мен нарықтары, нормативтік құқықтық ортасы туралы ақпарат) және қаржылық ақпаратты талдаудан (қаржылық есептіліктің, бизнес-жоспардың талдамасы) тұратын қарыз алушылардың қаржылық жай-күйін талдауды қамтиды.

6. Мониторингті жүзеге асыру кезінде мынадай қаржылық коэффициенттер:

өтімділік коэффициенті - ақша қаражаты мен қысқа мерзімді дебиторлық берешектердің қысқа мерзімді міндеттемелердің мөлшеріне қатынасы;

өтеу коэффициенті – ағымдағы активтердің қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасы;

қарыз және меншікті қаражаттың арақатынасы – ағымдағы міндеттемелердің меншік капиталының мөлшеріне қатынасы;

тарту коэффициенті – міндеттемелердің ағымдағы және ұзақ мерзімді активтерге қатынасы;

пайда нормасы – салық салғанға дейінгі жиынтық кірістің сату көлеміне қатынасы;

меншік капиталының пайдалылық коэффициенті – салық салғанға дейінгі жиынтық кірістің меншік капиталының мөлшеріне қатынасы;

кредиттік берешектің айналымдылық коэффициенті – іске асыру көлемінің кредиттік берешекке қатынасы қолданылады.

Мониторингті жүргізу үшін сенім білдірілген өкіл (агент) мемлекет кепілдік берген қарыздың және инвестициялық жобалар тәуекелінің шарттарына байланысты басқа да қаржы коэффициенттерін қолданады.

7. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жыл сайын мониторинг жүргізуге жататын қарыз алушылардың тізімін Банкке жібереді.

8. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекет кепілдік берген қарыздар алған қарыз алушылардан олардың қаржылық көрсеткіштері туралы қосымша ақпаратты сұрайды.

9. Сенім білдірілген өкіл (агент) осы ұсынылған көрсеткіштер негізінде анықталған қаржылық коэффициенттерді, заңды тұлғалардың өткен кезеңдегі ұқсас коэффициентімен мемлекет кепілдік берген қарыз алған басқа қарыз алушылардың, ұқсас қызметінің ұқсас бейінімен және осы коэффициенттердің жалпы қабылданған нормаларымен салыстыру арқылы заңды тұлғаның қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізеді.

10. Сенім білдірілген өкіл (агент) тоқсан сайын қарыз алушылардың қаржылық жағдайы мониторингінің нәтижелерін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

11. Әлеуетті төлем қабілеті жоқ қарыз алушы анықталған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бұл туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлайды және мемлекет кепілдік берген қарызды өтеу үшін көзделген республикалық бюджет қаражатын оқшаулаудың алдын алу үшін шаралар қабылдау туралы ұсыныс енгізеді.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 30 маусымдағы
№ 331 Бұйрыққа
6-қосымша

Мемлекет кепілгерлігімен қарыздар беру, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтару қағидалары

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекет кепілгерлігімен қарыздар беру, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 145-бабы 8-тармағына және "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекет кепілгерлігі беру рәсімдерін, оның нысанын, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтару тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) екінші деңгейдегі банк – "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банк қызметін жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға;

2) бизнес-жоспар – алдағы қарыз жылындағы төлемдер мен кіріс көздерінің түрлері туралы кесте қамтылатын тиісті қаржы жылына арналған қарыз алушы әзірлейтін құжат;

3) кепілгерлік шарты – тараптардың мемлекет кепілгерлігін беру туралы құқық қатынастарын, міндеттемелері мен жауапкершілігін белгілейтін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мен мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыз бойынша облигациялар ұстаушылардың өкілі арасындағы жазбаша келісім;

4) қарыз алушы – негізгі борышты өтеу және сыйақыны, сондай-ақ кредиттік шартқа сәйкес басқа да төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді мойнына алатын қарыз қаражатын алатын қарыз шартының тарабы. Мемлекеттік кепілгерлігімен мемлекеттік емес қарыз алған кезде қарыз алушы заңды тұлға-Қазақстан Республикасының резиденті болады;

5) Мемлекеттік-жекешелік әріптестік дамыту орталығы – мемлекеттік-жекешелік әріптестік мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі № 693 қаулысына сәйкес МЖӘ саласындағы қызметті жүзеге асыратын мамандандырылған ұйым;

6) облигациялар ұстаушылардың өкілі – бағалы қағаздардың қайталама нарығында инфрақұрылымдық облигацияларды айналдыру, облигациялар бойынша сыйақылар төлеу және оларды өтеу үстінде эмитентпен жасалған шарт негізінде қарыз берушілер мүддесінде әрекет ететін ұйым;

7) шартты салымның арнайы шоты (қызмет көрсету шоты) – қарыз алушының тек қана мемлекет кепілдік берген қарыз, мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыз бойынша алдағы төлемдерді өтеуді қамтамасыз етуге ғана арналған арнайы шартты салым шотында ақшаның бөлігін мерзімді төлеу арқылы міндетті жинақтамасы.

Шартты салымның арнайы шотындағы (қызмет көрсету шоты) қаражат қарыз туралы шартқа (келісімге) сәйкес алдағы төлем күніне дейінгі 35 (отыз бес) күн бұрын негізгі борыштың, есептелген пайыздардың (сыйақының), сондай-ақ өзге де төлемдердің алдағы төлемдерінің 100 (жүз) пайызы мөлшерінде белгіленеді.

3. Мемлекет кепілгерлігін беру процесі мынадай негізгі кезеңдерінен тұратын іс-шаралар кешенін қамтиды:

мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобаларын іріктеу;

МЖӘ жобалардың тізбесін қалыптастыру, қарау және бекіту;

мемлекет кепілгерлігін беру.

4. Мемлекет кепілгерлігін беру процесінің негізгі қатысушылары қарыз алушылар, салалық уәкілетті органдар, экономикалық жоспарлау жөніндегі, бюджетті атқару, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органдар, Республикалық бюджет комиссиясы, облигациялар ұстаушылардың өкілі, МЖӘ дамыту орталығы, қарыз беруші болып табылады.

5. Қарыз алушылар:

1) жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – ТЭН) және облигацияларды шығару проспектісінің жобасын конкурстық өтінімдер құрамында дайындауды жүзеге асырады;

2) осы Қағидаларына және мемлекет кепілгерлігін беру процесіне қатысушылардың талаптарына сәйкес МЖӨ жобаларын қарау үшін талап етілетін құжаттама беруді қамтамасыз етеді;

3) жыл сайын қарыз берушіге және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға алдыңғы сақтандыру шартының мерзімі өткенге дейін кемінде 1 (бір) ай қалғанда сақтандыру шартын береді;

4) МЖӨ шартын жасасады;

5) облигацияларды ұстаушылардың өкілімен облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарт жасасады.

6. Салалық уәкілетті органдар:

1) жобаның ТЭН-ін дайындауды жүзеге асырады;

2) МЖӨ жобаларының салалық сараптамасын жүргізеді;

3) салалық сараптама нәтижелері бойынша тиісті қорытынды береді;

4) мемлекет кепілгерлігін алуға үміткер әлеуетті жекеше әріптес конкурсқа ұсынған МЖӨ жобасының ТЭН-ін, инфрақұрылымдық облигациялар шығару проспектісінің жобасын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті сараптамалардың он қорытындыларын қамтитын құжаттаманы жолдайды;

5) МЖӨ шартын жасасады.

7. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) МЖӨ жобаларының қаржылық сараптамасын жүзеге асырады;

2) кепілгерлік шартын жасайды;

3) мемлекет кепілгерліктерін ұсынады.

8. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық уәкілетті орган жоспарланған қызметті іске асыруға, оларды іске асыру туралы шешім қабылдау алдындағы кезеңдегі жоспарланған қызметтің экологиялық талаптарына сәйкестігін бағалауға байланысты ықтимал теріс салдарлардың алдын алу және өндіргіш күштерді орналастыру және дамыту салдарынан экологиялық жағдайдың болжамданған өзгеруін сараптамалық қамтамасыз ету мақсатында МЖӨ жобасының мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүзеге асырады.

9. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) бюджеттік инвестициялар мен МЖӨ сауалдары бойынша құжаттамаға сараптама жүргізу және бағалау үшін МЖӨ дамыту орталығын тартады;

2) МЖӨ жобасының конкурстық құжаттамасын және МЖӨ шартын келіседі;

3) жоспарланған кезеңге мемлекет лимитін беру немесе кепілгерлігінің лимит көлемінің ұлғаюы бойынша ұсынысты, тиісті қаржы жылының лимиті шегінде олар бойынша мемлекет кепілгерлігі лимитінің берілуі немесе көлемінің ұлғаюы мүмкін

МЖӘ жобаларының тізбесінің жобасын қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

10. Облигацияларды ұстаушылардың өкілі:

1) қарыз берушілер алдында облигацияларды шығару проспектісімен белгіленген міндеттемелерді эмитенттердің орындауын бақылайды;

2) шартты салымның арнайы шотында (қызмет көрсету шоты) эмитенттің қаражат жинау мониторингін жүзеге асырады;

3) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға шартты салымның арнайы шотында (қызмет көрсету шоты) эмитенттің қаражат жинау бойынша міндеттемелерін орындауы туралы ақпарат береді;

4) қарыз берушінің құқығы мен мүддесін қорғауға бағытталған шараларды қолданады;

5) осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес өз іс-әрекеттері туралы және осындай іс-әрекеттердің нәтижелері туралы қарыз берушіге ақпарат береді;

6) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен кепілдік беру шартын жасасады;

7) қарыз алушымен облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарт жасасады;

8) облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шартты бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға береді.

11. Республикалық бюджет комиссиясы:

1) жоспарланған кезеңге мемлекет кепілгерлігін беру немесе лимит көлемінің ұлғаюы лимитін;

2) МЖӘ жобаларының тізбесін;

3) әрбір МЖӘ жобасы үшін жоспарланған кезеңге мемлекет кепілгерлігін беру немесе лимит көлемінің ұлғаюы лимиті шегінде мемлекет кепілгерлігінің мөлшерін анықтайды.

12. Мемлекеттің кепілгерлігін беру процесінде басқа мемлекеттік органдар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес МЖӘ жобаларын бағалауды (сараптауды) жүргізуге өкілеттік берілген өзге ұйымдар өз құзыреті бөлігінде қатысады.

2-тарау. Мемлекет кепілгерлігімен қарыздар беру, мемлекет кепілгерлігінің нысаның айқындау тәртібі

13. Мемлекет кепілгерлігін беру мынадай:

1) қарыз алушының арнайы шотта мемлекеттің кепілгерлігімен тартылатын қарыз бойынша міндеттемелерді уақтылы орындауды қамтамасыз етуге арналған қаражатты шоғырландыру міндеттемелерін қабылдау;

2) мемлекеттік кепілдік сомасының 2 (екі) пайызы мөлшерінде алдын ала біржолғы төлемді (алымды) қарыз алушының төлеу;

3) қарыз алушымен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жағдайларды қоспағанда, мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған республикалық бюджет қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шартын ұсыну шарттарымен жүзеге асырылады.

Қаражатты арнайы шотта шоғырландыру тәртібі кепілгерлік шартында айқындалады

14. Мемлекет кепілгерліктері бұрын тартылған қарыздарды қайта қаржыландыру ретінде немесе қарыздарға қызмет көрсету үшін, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын қайтаруды қамтамасыз ету ретінде тартылатын қарыздар бойынша берілмейді.

15. Тұлғалар өздері қарыз алушы ретінде әрекет ететін қарыздар бойынша мемлекет кепілгерлігін алуға үміткер болғанда осы тұлғаларға мынадай талаптар қойылады:

1) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденті болу;

2) Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша белгілейтін, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздың қайтарымдылығын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шартының болуы;

3) тиісті саланың уәкілетті органының оң қорытындысының болуы;

4) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның жобаның қаржылық сараптамасы бойынша оң қорытындысының болуы;

5) конкурстық өтінімге сараптаманың оң қорытындысының болуы немесе жекеше әріптесті айқындау туралы хаттаманың болуы;

6) мемлекет кепілгерлігімен және мемлекеттік кепілдіктерімен бұрын алынған, төлем мерзімдері басталған қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша берешегінің, сондай-ақ кредиторлар алдында өзге де мерзімі өткен берешегінің болмауы;

7) МЖӘ объектісінің құнына қатысты кемінде 10 (он) пайызды құрайтын меншікті капиталының болуы;

8) төлемақы төлеуге қабілетті болып табылуы, таратуға жатпауы, оның мүлкіне тыйым салынбайды, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылмайды;

9) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, тиісті кезеңге мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесіне енгізілген жобалардың іске асырылуын жүзеге асыру.

16. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган экономикалық қорытындылар негізінде жобалар бойынша экономикалық қорытындыларды қоса бере

отырып, тиісті кезеңге мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын МЖӘ жобалары тізбесінің жобасын қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

17. Республикалық бюджет комиссиясы бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган ұсынған МЖӘ жобалары тізбесінің жобасын қарау кезінде тиісті қаржы жылына арналған мемлекет кепілгерліктерін беру лимитіне кіретін бір жылға арналған МЖӘ жобаларының тізбесін айқындайды.

18. Республикалық бюджет комиссиясының қарау нәтижелері бойынша Бюджет кодексінің 145-бабының 7-тармағына сәйкес мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын МЖӘ жобаларының тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жеке шешімімен бекітіледі және жариялануға жатады.

19. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыз есебінен қаржыландыруға ұсынылатын МЖӘ жобалардың тізбесін бекіткеннен кейін салалық уәкілетті орган қарыз алушымен МЖӘ шартын жасасады.

20. Салалық уәкілетті орган (жекеше әріптестің айқындауы бойынша конкурсты ұйымдастырушы) мемлекет кепілгерлігін алуға үміткер қарыз алушы конкурсқа ұсынған МЖӘ жобасының ТЭН-ін, инфрақұрылымдық облигацияларды шығару перспектісінің жобасын, конкурстық өтінімінің салалық сараптамасының және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның экономикалық сараптамасының және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажет басқа да сараптамалардың оң қорытындыларын ұсынғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган МЖӘ жобасының қаржылық сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады және 2 (екі) ай ішінде жекеше әріптестің айқындауы бойынша конкурсты ұйымдастырушыға жіберетін тиісті қорытындыны дайындайды.

21. Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты ұйымдастырушы МЖӘ жобасының, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның қаржылық сараптамасының оң қорытындысы негізінде жоспарланған кезеңге арналған мемлекет кепілгерлігін беру лимиті шегінде МЖӘ жобасы бойынша мемлекет кепілгерлігін беру туралы ақпаратты дайындайды және бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

22. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган МЖӘ жобасы бойынша мемлекет кепілгерлігін беру туралы мәселені Республикалық бюджет комиссиясына шығарады. Республикалық бюджет комиссиясы жоспарланған кезеңге арналған мемлекет кепілгерлігін беру лимиті шегінде МЖӘ жобасы бойынша мемлекет кепілгерлігінің мөлшерін айқындайды.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган конкурс ұйымдастырушысына жекеше әріптестің айқындауы бойынша Республикалық бюджет

комиссиясы шешімінің хаттамасынан үзінді көшірмені алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді.

23. Мемлекет кепілгерлігі әрбір МЖӘ жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары негізінде беріледі.

24. Республикалық бюджет комиссиясының шешімі негізінде МЖӘ шартының жобасы бюджет саясаты және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісілгеннен кейін салалық уәкілетті орган (конкурсты ұйымдастырушы) тиісті шешім қабылдау үшін қаулы жобасын әзірлейді, мүдделі мемлекеттік органдармен келіседі және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

25. Қарыз алушы МЖӘ жобасын, инфрақұрылымдық облигациялар шығару перспектісіне өзгерістер жобасын салу құнын ұлғайтуға арналған жобаның ТЭН-ін, бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органның сараптамасының оң қорытындысын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті сараптамалардың басқа да қорытындыларын ұсынғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган МЖӘ жобасы бойынша мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайтуға қаржылық сараптама жүргізуді ұйымдастырады және 30 (отыз) жұмыс күні ішінде тиісті қорытынды дайындайды.

26. Бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органның, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның МЖӘ шартына өзгерістер мен толықтырулар жобасын келісуді алғаннан кейін және егер МЖӘ жобасы табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның табиғи монополиялар салаларында іске асырылатын жағдайда, МЖӘ шартына қосымша келісім жасалады. МЖӘ шартына қосымша келісім заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеледі.

27. Мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайту Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген барлық қажетті талаптар қанағаттандырылған кезде МЖӘ шартына қосымша келісім жасалған, мемлекет кепілгерлігін ұлғайту сомасына мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға алынған республикалық бюджет қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шарты ресімделген және берілген, қарыз алушы мемлекет кепілгерлігінің ұлғайған бөлігі үшін біржолғы төлемді (алымды) алдын ала төлеген соң, кепілгерлік шартына қосымша келісім шарт жасау арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жүргізіледі.

28. Мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайту:

1) егер мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер немесе конкурс өткізу кезінде ескерілмеген толықтырулар енгізілсе және осындай өзгеріс немесе толықтыру сомасын қосымша қаржыландыру туралы МЖӘ шарты тараптарының бірлескен шешімі қабылданса;

2) егер ұлғайту құрылыс жұмыстарының ұзақ мерзімділігіне және жобалау-сметалық құжаттамада ескерілмеген МЖӨ объектісінің құрылысы құнына жекеше әріптеске тәуелді емес объективті себептердің (форс-мажорлық жағдайлар, инфляция, дағдарыс, салық саясатының өзгеруі және басқалары) ықпал етуіне байланысты болса, МЖӨ жобасын қаржыландыру көлемін ұлғайту қажет болған жағдайларда, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

29. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның МЖӨ жобасының қаржылық сараптамасы бойынша қорытындысы мыналарды:

мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздың қаржылық шарттарын;

мемлекет кепілгерлігін алғаны туралы өтінім білдіргенге дейін 1 (бір) жылдан кем емес кезең ішіндегі қарыз алушының қаржылық жай-күйін және заңды мәртебесін;

қарыз алушы берген мемлекет кепілгерлігі бойынша қамтамасыз етілуін;

қаржылық және техникалық тәуекелдерді;

мемлекет кепілгерлігін алуға үміткер тұлғаларға қойылатын Бюджет кодексінің талаптарына қарыз алушының сәйкес келуін бағалауды қамтиды.

30. Мемлекеттің берілген кепілгерлігінің көлемін ұлғайтудың міндетті шарттары мыналар:

1) мемлекет кепілгерліктерінің жоспарланған кезеңге арналған жалпы лимитінің болуы;

2) МЖӨ жобасының экономикалық өзін-өзі өтеу параметрлерінің сақталуы (оның ішінде болжамды қаржылық айырмашылықтардың болмауы, таза келтірілген құнның оң көрсеткішінің болуы, МЖӨ жобасының ішкі кірістілік нормасын сақтау) және МЖӨ шартында көзделген қаржы кovenantтарын орындау (қарыз алушының кейбір қаржылық көрсеткіштерді белгілі бір деңгейде ұстау міндеттемелері);

3) МЖӨ объектісі құрылысының ұлғаю құны кемінде 10 (он) пайыз құрайтын мөлшерге дейін МЖӨ объектісінің құрылысына/ қайтажаңартылуына жекеше әріптес салатын жеке қаражат мөлшерін тепе-тең ұлғайту;

4) сақтандыру шарты ұсынылмай мемлекет кепілгерлігі берілген жағдайларды қоспағанда, мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайту сомасына мемлекет кепілгерлігі жөніндегі міндеттемелерді орындауға алынған республикалық бюджет қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шартының сомасын ұлғайту болып табылады.

31. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті қаржы жылының лимиті шегінде МЖӨ жобасы бойынша мемлекет кепілгерлігін ұлғайту туралы мәселені қалыптастырады және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

32. Бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясының шешімін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бюджет комиссиясының шешімі хаттамасынан үзінді көшірмені және қаржылық сараптама қорытындысының көшірмесін салалық уәкілетті органға (мемлекеттік әріптеске не концедентке) жолдайды.

33. Республикалық бюджет комиссиясының шешімі негізінде салалық уәкілетті орган (мемлекеттік әріптес немесе концедент) тиісті шешім қабылдау үшін қаулы жобасын әзірлейді және оны мүдделі мемлекеттік органдармен келіседі және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

34. Мемлекет кепілгерлігі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен қарыз беруші арасында мемлекет кепілгерлігі шартын жазбаша нысанда жасасу арқылы беріледі.

Осы Қағидаларының 15-тармағының талаптарына сәйкес келетін құжат мемлекет кепілгерлігі деп танылады.

35. Мемлекет кепілгерлігі шартына бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы қол қояды.

36. Мемлекет кепілгерлігі шартында:

1) оған сәйкес мемлекеттің кепілгерлігі берілетін Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының деректемелері;

2) қарыз алушы мен қарыз берушінің атауы және тұрған жері;

3) қарыз алушының негізгі міндеттемесінің мазмұны;

4) мемлекет кепілгерлігі берілетін қарыз сомасы, мемлекет кепілгерлігінің күші қолданылатын қарыз бойынша басқа да міндеттемелер. Басқа да міндеттемелер қарыз сомасын ұлғайта алмайды (капиталдандырмайды);

5) мемлекет кепілгерлігінің қолданылу мерзімі;

6) мемлекет кепілгерлігі шартына қол қойған лауазымды адам көрсетіледі.

37. Осы Қағидаларының 35-тармағында және 36-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптар сақталмаған кезде мемлекеттің кепілгерлігі жарамсыз болып саналады.

38. Кепілгерлік шарты нысанындағы мемлекет кепілгерлігі 2 (екі) данада ресімделеді.

39. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген барлық қажетті талаптар қанағаттандырылған кезде, бюджет заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға алынған республикалық бюджет қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шарты ресімделген және берілген, қарыз алушы мемлекет кепілгерлігін ұсынғаны үшін біржолғы төлемді (алымды) алдын ала төлеген соң, мемлекет кепілгерлігі кепілгерлік шартын жасау арқылы беріледі.

Бұл ретте, сақтандыру шартын беру мерзімдері мен шарттары және қарыз қайтарымын қамтамасыз ету жөніндегі сақтандыру шартына қойылатын талаптар кепілгерлік шартында көзделеді.

Кепілгерлік шартының мерзімі МЖӘ шартын қолдану мерзімінен аспайды.

Қарыз алушы МЖӘ шартын жасасқан сәттен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде сақтандыру шартын жасайды.

40. Облигацияларды ұстаушыларының мүдделерін білдіру туралы шарт мыналарды қамтиды:

1) қарыз алушыларға қойылатын талаптарды:

а) инфрақұрылымдық облигациялар бойынша ағымдағы міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін қажетті алдағы төлемдер мөлшерінде шартты салымның (қызмет көрсету шотының) арнайы шотында ақша сомасын жинауды жүргізу;

б) МЖӘ объектісін құру үшін ғана пайдаланыла алатын инфрақұрылымдық облигацияларын орналастырудан арнайы несие шотына ақша сомасын жинауды жүргізу;

в) банктік шоттардың, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктағы және екінші деңгейдегі банктердегі бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мен облигацияларды ұстаушының өкіліне бар-жоғы туралы мәліметтерді заңнамада белгіленген тәртіппен ұсыну;

г) облигацияларды ұстаушының өкіліне мемлекеттік емес қарыз толық өтелгенге дейін жыл сайынғы бизнес-жоспарды ұсыну;

д) қаржылық есептіліктің үлгілік нысанын (бухгалтерлік балансты, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепте) және қаржылық жай-күйін анықтайтын басқа да қажетті құжаттарды облигацияларды ұстаушының өкіліне ай сайын ұсыну;

2) облигацияларды ұстаушының өкіліне жүзеге асыру бойынша талаптар:

қарыз алушының қаржы-экономикалық жай-күйін талдауды және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға тиісті талдау нәтижелері туралы ақпаратты ұсынуды;

бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қарыз алушымен және облигацияларды ұстаушының өкілімен бірлесіп анықтайтын шартты салымның арнайы шотына (қызмет көрсету шоты) ақша аударудың нормалар мен кезеңділігін (кестесін) сақтау.

Ақшаны қарыз алушы шартты салымның арнайы шотына (қызмет көрсету шоты) келісімге сәйкес тиісті соманы тұрақты аудару арқылы аударды.

Шартты салымның арнайы шотының (қызмет көрсету шотының) қаражатын жинау мен қалпына келтіру мерзімін бұзған жағдайда қарыз алушы жолсыздықтың әрбір жағдайы үшін алдағы төлемдер сомасынан мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз мөлшерінде айыппұл төлейді.

3-тарау. Мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтару тәртібі

41. Кепілгерлік бойынша міндеттемелерді мемлекет орындаған жағдайда республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты орындау сақтандыру шарты негізінде жүргізіледі.

42. Мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және облигацияларды ұстаушының өкілі арасында жасасқан тапсырма шарты негізінде қарыз алушы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 30 маусымдағы
№ 331 Бұйрыққа
7-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында сатып алу қағидалары

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 137-бабы 1-тармағының 4)-тармақшасына, 139-бабы 8-тармағына сәйкес әзірленді және үкіметтік қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында сатып алуды, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді өтеу, оларға қызмет көрсету, жоспарлау тәртібін айқындайды.

2. Осы тарауда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қарыз алушы – негізгі борышты өтеу және сыйақыларды, сондай-ақ кредиттік шартқа сәйкес басқа да төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелер жүктелген қарыз қаражатын алған қарыз шартының тарабы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қарыз алушы болып бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган әрекет етеді;

2) ұлттық валютаның ресми бағамы – Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамын белгілеу қағидалардың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) белгілеген теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242

Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 3 қазанда № 7977 тіркелді).

3. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 137-бабы 1-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу көлемдерін, нысандарын және шарттарын, тиісінші қаржы жылына арналған республикалық бюджетте бекітілетін үкіметтік борышты өтеу және қызмет көрсету көлемдерін анықтайды.

2-тарау. Үкіметтік қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында сатып алуды, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді өтеу, оларға қызмет көрсету, жоспарлау тәртібі

4. Осы тарау Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарды (бұдан әрі – үкіметтік қарыздар) өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдерді, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді жоспарлау, жүзеге асыру рәсімдерін белгілейді.

5. Үкіметтік қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша төлемдерді жоспарлау, жүзеге асыру рәсімдері қарыз шарттарын жасасу, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру нысанында несие капиталының ішкі және сыртқы нарықтарындағы қарыз алу арқылы тартылған қарыздар үшін ортақ.

6. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында шығарған бағалы қағаздарын сатып алуды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісінші қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда көзделген бюджет қаражатының есебінен Ұлттық Банкпен жасасқан шарт негізінде Ұлттық Банк арқылы жүзеге асырады.

7. Үкіметтік қарыздарды, алдағы өтеу және оларға қызмет көрсету үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді көлемін жоспарлауды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, үкіметтік қарыздарды өтеу және қызмет көрсету үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді алдағы көлемінің болжамдық есептері негізінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасын әзірлеу шеңберінде жыл сайын жүргізеді.

8. Жүргізілетін есептеулер есептеулерінің алдағы тоқсанның соңындағы жәй-күй бойынша үкіметтік борыш мониторингінің деректеріне, үкіметтік қарыздардың тиісінші қаржы және ағымдағы жыл мен жоспарланған жылы тартуға көзделіп отырған қаражатты игеру болжамына, макроэкономикалық көрсеткіштер болжамына негізделеді.

9. Үкіметтік сыртқы қарыздардың тиісінші қаржы және ағымдағы жыл мен жоспарланған жылы тартуға көзделіп отырған қаражатын игеру болжамын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады және тиісінші қаржы жылға дейінгі жылдың 15 наурызына дейін, үкіметтік ішкі қарыздардың түсу болжамын - республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру көлемінің болжамына негіздей отырып, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға бағытталады.

10. Республикалық бюджет тапшылығының көлемі, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер тиісті қаржы жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдайтын Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен республиканың бюджеттік өлшемдерімен Бюджет кодексінің 51-бабына сәйкес.

11. Тиісті қаржы жылы үкіметтік ішкі және сыртқы қарыздарды өтеу мен оларға қызмет көрсету көлемдерін есептеуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мынадай түрде жүргізеді:

1) әрбір қолданыстағы үкіметтік қарыз бойынша қарыз қаражатының игерілмеген көлемдерін жылдар бойынша болжамдық бөлуді жүргізеді;

2) қарыз шартының, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру талаптары негізінде үкіметтік қарыз бойынша борышты өтеу мерзімі мен көлемі анықталады;

3) үкіметтік қарыз бойынша борыш сомасының өзгеру серпінінің есептеулері жүргізіледі;

4) қарыз шартының, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру талаптары негізінде сыйақыларды, комиссиялық төлемдер мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша төлемдердің мерзімдері мен көлемінің есептеулер жүргізіледі. Егер, қаржы шартында өзгеше белгіленбесе, осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген есептеулер қарыз беру валютасында жүзеге асырылады;

5) шетелдік валютада тартылған үкіметтік қарыздарды өтеу мен қызмет көрсету теңгелік баламада қайта есептеледі. Бұл ретте тиісінші қаржы жылға арналған теңгеге есептеулері алдындағы тоқсанның соңында ұлттық валютаның ресми бағамы және АҚШ долларының болжамды орташа жылдық бағамы пайдаланылады;

6) үкіметтік қарыздарды тартуды көздейтін қаражатты игеру көлемінің болжамы негізінде қарыз беру мен сыйақы ставкасының орта шарттарын пайдалана отырып, үкіметтік қарыздарды тартуды көздейтін өтеу мен қызмет көрсету мерзімінің және көлемінің есептеулері жүргізіледі.

12. Тиісті қаржы жылы үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдердің мерзімі мен көлемін есептеуді үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер шарттарының негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізеді.

13. Үкіметтік қарыздарды өтеудің және оған қызмет көрсетудің, сондай-ақ тиісінші қаржы жылғы үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі төлемдердің жалпы көлемі 11 және 12-тармақтарға сәйкес жүргізілген есептеулер негізінде анықталады.

14. Тиісті қаржы жылғы үкіметтік қарыздарға қызмет көрсетудің және үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерін жалпы көлемі жеке бюджеттік бағдарлама бойынша тиісінші қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделеді. Үкіметтік қарыздарды өтеудің жалпы көлемі "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)" бөлімі бойынша республикалық бюджетте көрсетіледі.

3-тарау. Үкіметтік қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді жүзеге асыру тәртібі

15. Үкіметтік қарыздарды өтеуді және оларға қызмет көрсету бойынша, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен Ұлттық Банк арқылы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

16. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ай сайын, ағымдағы айдың 20 (жиырмасыншы) күніне дейін мемлекеттік қазынашылыққа үкіметтік қарыздарды, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді өтеу және оларға қызмет көрсету болжамын жолдайды. Мемлекеттік қазынашылық ағымдағы айдың 25 (жиырма бесіне) дейін ай сайын үкіметтік және Қазақстан Республикасының мемлекет кепілдік берген борышын, мемлекет кепілгерлігі бойынша борышты, сондай-ақ оларға сәйкес республикалық бюджеттің ақша жұмсауы жүзеге асырылатын, республикалық бюджет қаражатынан хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша үкіметтік қарыздардың төлемдеріне қызмет көрсету және өтеу кестесін (бұдан әрі – кесте) алдағы тұрған айға осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасайды және бекітеді. Кесте үкіметтік қарыздардың, хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша үкіметтік қарыздардың төлемдеріне қызмет көрсету және өтеудің нақтыланған мерзімдері мен көлемдеріне сүйеніп жасалады және әрбір қарыз бен хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша үкіметтік қарыздардың бойынша төлемдердің күндері бойынша төлемнің түрін, валютасын және төлемді алушыларды көрсете отырып, болжамын қамтиды.

17. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет түсімдерінің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының тиісті айында үкіметтік қарыздарды өтеу және оған қызмет көрсету бойынша, сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша алдағы төлемдер көлемінің сәйкестігін тексереді. Жоспармен бекітілген көлемге сәйкес келмеген

жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттің түсімдерінің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына тиісті өзгерістер енгізеді.

18. Белгіленген мерзімде және қажетті көлемде үкіметтік қарыздарды өтеу мен оларға қызмет көрсету бойынша, сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша даярлықты қамтамасыз ету және төлемді жүзеге асыру мақсатында Мемлекеттік қазынашылық және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қарыз берушілерден, контрагенттерден төлеуге берілген шоттардың, төлем ведомісін және төлем жасау үшін басқа да қажетті құжаттардың уақытылы түсуін ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жүргізеді.

19. Мемлекеттік қазынашылық қарыз берушілер, контрагенттер ұсынған шоттар мен төлем ведомосіндегі көрсетілген төлем күнінің, сомасының, түрінің, валютасының, қарыз шартының, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелердің талаптарымен төлемдерді алушылардың мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру нәтижелеріне сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

20. Төлеуге ұсынылған шоттар мен төлем ведомісінде көрсетілген төлем күнінің, сомасының, түрінің, валютасының, қарыз шартының, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелердің талаптарымен төлемдерді алушылардың, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру нәтижелерінің сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, мемлекеттік қазынашылық және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бірігіп, қарыз берушілермен, контрагенттермен өзара әрекет ете отырып, кредит берушілердің төлемге ұсынылған шоттар мен төлем ведомосін нақтылау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады.

21. Қарыз шарттарында және үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелердің, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру талаптарында анықталған мерзімдерде үкіметтік қарыздарды өтеу мен оларға қызмет көрсету бойынша, сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ресімдейді және төлем құжаттарын Ұлттық Банкпен береді, онда үкіметтік қарыздың, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәміленің бірегейлендіру нөмірі, бенефициар, төлем деректемелері, түрі, сомасы, валютасы, қарыз шартының, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелердің талаптарына сәйкес төлем күні, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру нәтижелері көрсетіледі.

22. Ұсынылған төлем құжаттарының негізінде Ұлттық Банк бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның банктік шотынан қарыз берушінің, сондай-ақ контрагенттердің банктік шотына талап етілетін көлемде және валютада ақша аударады және мемлекеттік қазынашылық пен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға төлем жасалған факті туралы жазбаша хабарламаны ұсынады.

23. Үкіметтік қарыздарды өтеу мен оларға қызмет көрсету, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша операцияларды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттің орындалуы туралы есептілікте ұлттық валютада көрсетеді. Бұл ретте, үкіметтік қарыздарды өтеу мен оларға қызмет көрсетуді, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді шетелдік валютада жүзеге асырған жағдайда, осы операцияларды жүзеге асыру үшін қажетті валютаны сатып алу күніне ұлттық валютаның ресми бағамы бойынша теңгемен жүргізіледі.

24. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган үкіметтік борышты мониторингін жүзеге асыру шеңберінде төлем жүзеге асырылған күніне ұлттық валютаның ресми бағамы бойынша үкіметтік қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша жүргізілген төлемдердің есебін жүргізеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің қарыздарды өтеу
және оларға қызмет көрсету
шығарған мемлекеттік бағалы
қағаздарды бағалы қағаздардың
ұйымдастырылған нарығында
сатып алу қағидаларына
1-қосымша

Республикалық бюджет қаражатынан Қазақстан Республикасының үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышқа қызмет көрсетуге, өтеуге арналған, сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерге арналған қызмет көрсету кестесі

(_____ жылдың " _____ " _____ алдағы төлемдері)

Функциональдық топ	Кіші Функция	Мекеме	Бағдарлама	Кіші Бағдарлама	Ерекшелік	Атауы	№ үкіметтік қарызды, хеджирлеу жөніндегі мәміле	Импорт таушы кәсіп орын
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Валюта	Төлем күні	Төлем сомасы			Соның ішінде (төлем валютасында)			Ескертпе
		Төлеу валютасы мен	Доллар валютасы мен	Теңге валютасы мен	Негізгі борыш	Пайыздар	Өзге де төлемдер	
10	11	12	13	14	15	16	17	18

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің бастығы _____ (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету қағидалары

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету қағидалары қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 140-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді және жергілікті атқарушы органдардың қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы тарауда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті атқарушы орган - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

2) қарыз алушы – негізгі борышты өтеу және сыйақыларды, сондай-ақ кредиттік шартқа сәйкес басқа да төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелер жүктелген қарыз қаражатын алған қарыз шартының тарабы. Жергілікті атқарушы органның атынан қарыз алушы болып жергілікті атқарушы орган әрекет етеді;

3) ұлттық валютаның ресми бағамы – Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамын белгілеу қағидалардың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк белгілеген теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 3 қазанда № 7977 тіркелді).

3. Бюджет кодексінің 140-бабы 4-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органның борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығыстар көлемі тиісті қаржы жылында жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді есепке алмағанда, жергілікті бюджет кірістерінің он пайызына тең мөлшерден аспауға тиіс.

2-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді өтеу, оларға қызмет көрсету, жоспарлау тәртібі

4. Осы тарау Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының қарыздарды (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдардың қарыздары) өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдерді жоспарлау, жүзеге асыру рәсімдерін белгілейді.

5. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша төлемдерді жоспарлау, жүзеге асыру рәсімдері қарыз шарттарын жасасу, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру нысанында несие

капиталының ішкі және сыртқы нарықтарындағы қарыз алу арқылы тартылған қарыздар үшін ортақ.

6. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын алдағы өтеу мен қызмет көрсету көлемін жоспарлауды жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын алдағы өтеу мен қызмет көрсету көлемінің болжамдық есептеулері негізінде тиісінші қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттердің жобасын әзірлеу шеңберінде жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

7. Жүргізілетін есептеулер тоқсанның алдындағы есептеулерді соңындағы жәй-күй бойынша жергілікті атқарушы органдар борышы мониторингінің, жергілікті атқарушы органдардың ағымдағы және тиісінші қаржы жылы қолданылатын және тартуға көзделетін қаражатты игеру болжамының, жергілікті бюджеттердің болжамдық көрсеткіштерінің деректеріне негізделеді.

8. Тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттердің болжамдық көрсеткіштері жергілікті өкілетті органдар мақұлдаған аумақтардың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының өлшемдерімен анықталады. Тиісті қаржы жылғы ұлттық валюта бағамы Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған кезекті жылға арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен республиканың бюджеттік өлшемдері ескеріле отырып анықталады.

9. Тиісті қаржы жылы жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеу мен қызмет көрсету көлемдерінің есептеулері мынадай түрде жүргізіледі:

1) жергілікті атқарушы органның әрбір қолданыстағы қарызы бойынша игерілмеген қарыз қаражатын игеру көлемдерін жылдар бойынша болжамдық бөлу жүргізіледі;

2) қарыз шартының мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру талаптары негізінде жергілікті атқарушы органның қарызы бойынша борышты өтеу мерзімдері мен көлемі анықталады;

3) жергілікті атқарушы органның қарызы бойынша борыш сомасының серпінін есептеу жүргізіледі;

4) қарыз шартының мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру талаптары негізінде сыйақыларды, комиссиялық төлемдер мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша төлемдердің мерзімдері мен көлемінің есептеулері жүргізіледі. Егер, қарыз шартында өзгеше белгіленбесе, осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген есептеулер қарыз берілген валютада жүзеге асырылады;

5) шетелдік валютада тартылған жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеу мен қызмет көрсету көлемі теңгелік баламада қайта есептеледі. Бұл ретте тиісінші қаржы жылға арналған теңгеге есептеулердің алдындағы тоқсанның соңында ұлттық валютаның ресми бағамы және болжамды жылдық орта АҚШ долларының бағамы пайдаланылады;

6) қарыздарды берудің орташа шарттарын және сыйақы ставкасын пайдалана отырып, жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын тартуға ұйғарылып отырған

қаражатты игерудің көлемінің болжамы негізінде тартуға ұйғарылып отырған жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеу және оларға қызмет көрсету мерзімі мен көлемін есептеу жүргізіледі.

10. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарды өтеу мен оларға қызмет көрсету мерзімі және көлемі негізінде тиісінші қаржы жылғы жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеу мен қызмет көрсетудің жалпы көлемі анықталады.

11. Тиісті қаржы жылы жергілікті атқарушы органдардың қарыздарына қызмет көрсетудің жалпы көлемі тиісінші қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде жеке бюджеттік бағдарламада көрсетіледі. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеудің жалпы көлемі "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)" бөлімі бойынша жергілікті бюджеттерде көрсетіледі.

3-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша төлемдерді жүзеге асыру тәртібі

12. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеу мен оларға қызмет көрсетуді олар тиісінші қаржы жылға арналған жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен жүзеге асырады.

13. Белгіленген мерзімде және қажетті көлемде жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеу мен оларға қызмет көрсету бойынша даярлықты қамтамасыз ету және төлемдерді жүзеге асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар қарыз берушілерден төлеуге берілген шоттардың, төлем ведомосінің және төлемдерді жүргізу үшін қажетті басқа да құжаттардың уақытылы түсуін ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жүргізеді.

14. Жергілікті атқарушы органдар ұсынылған шоттар мен төлем ведомостарында көрсетілген төлем күнінің, сомасының, түрінің, төлем валютасының, төлем алушылардың қарыз шартының талаптарына сәйкес келуін бақылауды жүзеге асырады.

15. Ұсынылған шоттар мен төлем ведомосінде көрсетілген төлем күнінің, сомасының, түрінің, төлем валютасының, төлем алушылардың қарыз шартының талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар кредит берушілермен өзара іс-қимыл жасай отырып, ұсынылған шоттар мен төлем ведомостарын нақтылау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

16. Қарыз шарттарында анықталған төлем мерзімінде жергілікті атқарушы органдар қарыз берушінің шоттарына талап етілетін көлемде ақша аударуды қамтамасыз етеді.

17. Осы операцияларды жергілікті атқарушы органдар республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептілікте теңгемен көрсетеді. Бұл ретте, төлемдерді шетел валютасында жүзеге асырған жағдайда операцияларды жүзеге асыру үшін қажетті валютаны сатып алу күніне ұлттық валютаның ресми бағамы бойынша теңгемен жүргізіледі.

18. Жергілікті атқарушы органдар жергілікті атқарушы органдар борышының мониторингін жүзеге асыру шеңберінде төлем жүзеге асырылған күніне ұлттық валютаның ресми бағамы бойынша жергілікті атқарушы органдардың қарыздарды өтеу мен оларға қызмет көрсету бойынша жүргізілген төлемдердің есебін жүргізеді.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 30 маусымдағы
№ 331 Бұйрыққа
9-қосымша

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша борыш мониторингінің қағидалары

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша борыш мониторингінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 137-бабы 1-тармағының 5)-тармақшасына, 138-бабы 7-тармағына, 145-бабы 5-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша борыш мониторингінің тәртібін айқындайды.

2. Осы тарауда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

2) қарыз алушы – негізгі борышты өтеу және сыйақыларды, сондай-ақ кредиттік шартқа сәйкес басқа да төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелер жүктелген қарыз қаражатын алған қарыз шартының тарабы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қарыз алушы болып бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган әрекет етеді. Мемлекеттік кепілдік, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша мемлекеттік емес қарыз алуда қарыз алушы заңды тұлға – Қазақстан Республикасының резиденті болып әрекет етеді;

3) облигациялар ұстаушылардың өкілі – бағалы қағаздардың қайталама нарығында инфрақұрылымдық облигацияларды айналдыру, облигациялар бойынша сыйақылар төлеу және оларды өтеу үстінде эмитентпен жасалған шарт негізінде қарыз берушілер мүддесінде әрекет ететін ұйым;

4) сенім білдірілген өкіл (агент) - мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім негізінде мемлекеттік кепілдік беруге байланысты жұмыстардың орындалуын камтамасыз ететін, сондай-ақ тапсырма шартының негізінде мемлекеттік кепілдік және мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда қарыз алушының

республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтарылуына байланысты жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ететін тұлға болып табылады;

5) ұлттық валютаның ресми бағамы – Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамын белгілеу қағидалардың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк белгілеген теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 3 қазанда № 7977 тіркелді).

3. Бюджет кодексінің 138-бабы 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар борышты қалыптастыру, өзгерту және оған қызмет көрсету процесін есепке алуды, талдауды және бақылауды жүзеге асыру арқылы тиісінше үкіметтік борыш пен жергілікті атқарушы органдардың борышына мониторингті жүзеге асырады.

2-тарау. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша борыш мониторингінің тәртібі

4. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, сондай-ақ мемлекеттің кепілгерлігі бойынша борыш мониторингі (бұдан әрі – борыш мониторингі) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты, сондай-ақ мемлекеттің кепілгерлігі бойынша борышты қалыптастыру, өзгерту және оған қызмет көрсету процесін есепке алу, талдау және бақылау бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган атынан жасалатын мемлекеттік қызметі болып табылады.

5. Барлық мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар, мемлекеттің кепілгерлігімен қарыздар борыш мониторингінің объектілері болып табылады, оның ішінде:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары;
- 2) жергілікті атқарушы органдардың қарыздары;
- 3) мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздар;
- 4) мемлекеттің кепілгерлігімен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздар.

6. Борыш мониторингі:

1) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекеттің кепілгерлігімен алынған қарыздарды тіркеу және есепке алу;

2) қарыз шартымен белгіленген кестеге, мемлекеттік бағалы қағаздар мен инфрақұрылымдық облигацияларын орналастыру талаптарына сәйкес борышты өтеу және қызмет көрсету есебіне төлемдерді жүзеге асыруды қамтамасыз ету және бақылау ;

3) қарыздар қаражатының түсімдерін қадағалау және есепке алу; борышты өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді есепке алу; борыш көлемінің өзгеруін есепке алу; сондай-ақ қажет болған жағдайда, мерзімі өткен төлемдерді есепке алуды

қоса алғанда әрбір қарыз бойынша қарыз валютасында барлық операцияларды есепке алу. Бұл ретте, борыштың жәй-күйі туралы мәліметтерді қалыптастыру кезінде әрбір қарыз бойынша барлық операцияларды көрсету төлем жүзеге асырылған күнге ұлттық валютаның ресми бағамы бойынша қарыз валютасында, долларда және теңгеде жүргізілді;

4) валюталардың ресми айырбас бағамын есепке алу;

5) қарыз алудың өзгермелі ставкаларының өзгеруін есепке алу жөніндегі жұмыстарды қамтиды.

7. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар, мемлекеттің кепілгерлігімен алынған қарыздар бойынша операцияларды есепке алу үшін мынадай құжаттар:

несие шотынан қаражатты алуды растайтын шетел қарыз берушісінің үзіндісі;

борыштың негізгі сомасын өтеу және ол бойынша сыйақы төлеу жөніндегі төлем құжаты;

ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны бойынша мемлекет кепілдік берген қарыздарды және мемлекеттің кепілгерлігімен алынған қарыздарды алу, қызмет көрсету және өтеу туралы сенім білдірілген өкілдің (агенттің), инфрақұрылымдық облигацияларды ұстаушы өкілдің есептілігі;

осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жергілікті атқарушы органның борышының жай-күйі және оған қызмет көрсету туралы жергілікті атқарушы органдардың есептіліктері.

8. Борыш мониторингін жүргізу үшін мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігімен алынған борыштың жәй-күйі туралы деректерді ағымдағы жаңарту үшін мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар, мемлекеттің кепілгерлігімен алынған қарыздар бойынша ақпараттар жинау жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша борыштың ағымдағы жай-күйі туралы мәліметтерді бюджет атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 40-бабына сәйкес статистикалық ақпарат нысанында жариялайды.

3-тарау. Мемлекеттік борышты және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша борыш тәуекелдерін басқарудың тәртібі

10. Осы тарау мемлекеттік борыштың, мемлекет кепілдік берген борыштың, мемлекет кепілгерліктері бойынша борыштың және мемлекет алдындағы борыштың тәуекелдерін басқару өзіне бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган рәсімдер мен операцияларды регламенттеу, белгіленген лимиттер мен талаптарды сақтау, құралдар мен нарықтарды әртараптандыру, әртүрлі туынды қаржы құралдарын (тәуекелді басқару мақсаттары үшін нарықта пайдаланылатын опциондар, своптар,

форвардық, фьючерлік және басқа да мәмілелер) қолдану әдістерін пайдаланып, оларды анықтауды, сәйкестендіруді, бағалау мен барынша азайтуды, үшінші тұлғалардың алдындағы борыштық міндеттемелері мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген заңды тұлғалардың борышын басқаруда уақтылы ден қою мен шараларды қабылдауды қамтиды.

11. Тәуекелді басқарудың негізгі элементтеріне мыналар жатады:

- 1) борыштың ағымдағы жай-күйі мониторингі;
- 2) тәуекелді талдау: анықтау, сәйкестендіру және бағалау;
- 3) несиелік капитал рыногының конъюнктурасын зерделеу және туынды қаржылық аспаптарды қолдану мүмкіндіктерін бағалау;
- 4) туынды қаржылық аспапты таңдау;
- 5) туынды қаржылық аспаппен операцияларды жүзеге асыру.

12. Борыш мониторингі осы Қағидалардың 1-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Мемлекеттік борышты басқару үстінде мынадай тәуекел түрлері туындайды:

- 1) пайыздық және валюталық тәуекелдер;
- 2) инвестициялық тәуекел бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шығаратын бағалы қағаздардың бастапқы аукционында өтінімдерді қабылдау үдерісінде өзекті;

3) операцияларды жүргізу мен тіркеудің түрлі сатыларында операциялық қателіктерді қамтитын операциялық тәуекел; кемшіліктер; абырой тәуекелі; заң тәуекелі; адам факторы; кәсіби құпияның бұзылуы немесе табиғи зілзала.

Мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет кепілгерлігі бойынша борышты басқару үстінде тәуекелдердің мынадай түрлері туындайды:

- 1) пайыздық және валюталық тәуекелдер;
- 2) есептесу тәуекелі қарыз алушы дефолттан басқа кез келген себеп бойынша мемлекет кепілдік берген қарыздар немесе мемлекеттің кепілгерлігімен тартылған қарыздар бойынша төлемдер жүргізбеуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының үкіметі ұшырауы мүмкін ықтимал шығындарды білдіреді;
- 3) кредиттік тәуекел қарыз алушының мемлекет кепілдік берген қарыздары және мемлекеттің кепілгерлігімен тартылған қарыздар бойынша міндеттемелерін орындамау тәуекелін білдіреді;
- 4) операциялық тәуекел.

14. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган талдауды мынадай түрде жасайды:

1) жол берілген мынадай факторларға: қаржыландыруға деген жаңадан мұқтаждық, борышты өтеу мерзімдерінің құрылымы, ұйғарылған борыштық міндеттемелер талаптарының сипаттамалары, пайыздық ставкалар және валютаның айырбас бағамдарын негіздей отырып орта мерзімді кезеңге борышты өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі шығыстарды болжамдайды;

2) болжаммен қамтылған кезеңге борыштық міндеттемелердің қолданыстағы және болжанған портфелі бойынша тәуекелдің негізгі көрсеткіштерін қамтитын борыштық сипаттаманы түзеді. Борыш сипаттамасы мынадай көрсеткіштерді қамтиды:

қысқа мерзімді борыштың ұзақ мерзімдіге қатынасы;

шетел валютасындағы борыштың Ұлттық валютадағы борышқа қатынасы;

шетел валютасындағы борыштың валюталық құрылымы;

сыйақының өзгермелі немесе бекітілген ставкалары;

борыштық міндеттемелердің орта мерзімі және міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің басталу кестесі.

3) ұқсас кезеңге макроэкономикалық көрсеткіштермен және республикалық бюджеттің көрсеткіштерімен жүргізілген болжамдық есептеулерді салыстырады;

4) күтіліп отырған шығыстармен астастырылған тәуекел нұсқаларында борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығыстардың ықтимал өсуімен өлшенетін тәуекелді бағалауды жүзеге асырады.

15. Туынды қаржы аспаптарын қолдану туралы шешім дайындау үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Ұлттық Банкпен бірлесіп несие капиталы нарығының конъюнктурасын зерделейді және туынды қаржы аспаптарын қолдану мүмкіндіктерін бағалауды жүзеге асырады.

16. Туынды қаржы аспаптарын қолдану мүмкіндіктерінің жүргізілген тәуекелін талдау мен бағалау нәтижелерінің негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган туынды қаржы аспаптарын қолдануға байланысты шешім қабылдайды.

17. Борыш тәуекелдерін басқару мақсаттары үшін түрлі туынды қаржы аспаптары, оның ішінде қарыз шарттары бойынша халықаралық қаржы ұйымдарымен жасалған сыртқы своптар, форвардтық мәмілелер, фьючерлік мәмілелер, конверсиялар және басқа да мәліметтер қолданылады.

Своп деп екі тарап арасындағы ақша тасқыны айырбасын көздейтін мәміле ұғыналады. 3 (үш) түрлі своп болады – пайыздық ставкалар своптары, валюталық және тауар своптары.

Форвардтық мәмілелер пайыздық ставкаларға қатысты жасалады. Мұндай мәміле 1 (бір) мерзімді пайыздық своп ретінде қарастырылады.

Фьючерстік мәмілелер валютаға қатысты жасалады.

Үш түрлі конверсия – валюта конверсиясы, проценттік ставка конверсиясы және пайыздық ставканың арту шегін немесе дәлізін белгілеу болады.

Мемлекеттік және мемлекет
кепілдік берген борыш,
мемлекеттің кепілгерлігі
бойынша борыш мониторингінің
қағидаларына
1-қосымша

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin?lang=kk>;

Әкімшілік нысанның атауы: Жергілікті атқарушы орган борышының жай-күйі туралы есеп;

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: МБЕ-3;

Кезеңділік: тоқсан сайын;

Есепті кезең: 20 ____ жыл ____ тоқсан;

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары;

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда);

ЖСН/БСН:	
----------	--

Жинау әдісі: "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта.

№	Қарыздың / кредиттің нөмірі және қол қойылған күні	Жобаның атауы	Қарыз/кредит валютасы	Қарыздың / кредиттің қол қойылған сомасы	Бастапқы есеп беру кезеңіндегі негізгі борыштың қалдығы	Игерілген қарыз/кредит қаражаты (түсті)
						есепті кезеңнің басына
1	2	3	4	5	6	7
I бөлім. Республикалық бюджеттен берілген кредиттер						
1) әлеуметтік-экономикалық дамудың орташа мерзімді жоспары шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға арналған;						
1.						
2) үкіметтік сыртқы қарыздар шеңберінде;						
...						
3) қолма-қол ақшаның болжамды тапшылығы кезінде.						
...						
Бөлім бойынша жиыны:						
II бөлім. Жергілікті атқарушы органдар бұрын тартқан кредиттер						
1) әкімнің кепілдігімен;						
...						
2) басқа көздерден.						
...						
Бөлім бойынша жиыны:						

III бөлім. Ішкі мемлекеттік қарыз алу						
1) мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы						
...						
Бөлім бойынша жиыны:						
IV бөлім. Сыртқы мемлекеттік қарыз алу						
1) қарыз шарты;						
...						
2) мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы;						
...						
Бөлім бойынша жиыны:						
БАРЛЫҒЫ						

кестенің жалғасы

Игерілген (түскен) қарыз/ кредит қаражаты		Негізгі борышты өтеу				Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша негізгі борыштың қалдығы
есепті кезеңде		Есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша төлемдердің басынан бастап барлығы	есепті кезеңде		жүргізілген төлемдер	
күні	сомасы		тиесілі төлемдер	күні		
8	9	10	11	12	13	14
Атауы _____				Мекенжайы _____		
Телефоны _____						
Электрондық пошта мекенжайы _____						
Орындаушы _____				_____		
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)				қолы, телефон		
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____				_____		
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)				қолы		
Мөрдiң орны						

Ескертпе: "Жергілікті атқарушы орган борышының жай-күйі туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы 1-нысанға қосымшада келтірілген;

ЖСН – Жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – Бизнес сәйкестендіру нөмірі.

"Жергілікті атқарушы орган
борышының жай-күйі туралы
есеп" 1-нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Жергілікті атқарушы орган борышының жай-күйі туралы есеп" (МБЕ-3, тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Есеп тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) жасалады.

2. Есеп:

бөлімнің символы мен атауын көрсете отырып, әр бөлім бойынша бөлек;

қарыз/кредит валютасындағы барлық сандық бағандар бойынша "Барлығы" деген қорытынды жолды қарыз/кредит валютасында және "Бөлімі бойынша жиыны" деген қорытынды жолды теңгеде көрсете отырып, қарыз/кредит валютасында қарыз/кредит шартына сәйкес әрбір қарыз/кредит бойынша бөліністе бөлек толтырылады.

3. Көрсеткіштерді теңгеде келтіру есепті кезеңнің соңғы күнтізбелік күні валюталардың ресми айырбас бағамы бойынша жүргізіледі.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-бағанда реті бойынша нөмірленуі көрсетіледі және кейінгі ақпарат реті бойынша нөмірлеуді үзбеуге тиіс;

5. 2-бағанда қарыздың/кредиттің нөмірі мен қол қойылған күні көрсетіледі;

6. 3-бағанда қол қойылған қарыз/кредит шартына сәйкес қарыз/кредит жобасының атауы немесе мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылған жағдайда қарыз алу мақсаты көрсетіледі;

7. 4-бағанда тартылған қарыз/кредит валютасы көрсетіледі;

8. 5-бағанда қол қойылған қосымша келісімдерді ескере отырып, қол қойылған қарыз/кредит сомасы көрсетіледі;

9. 6-бағанда есепті кезеңнің басындағы негізгі борыштың қалдығы көрсетіледі;

10. 7-бағанда есепті кезеңнің басында қарыз/кредит қаражатының қанша игерілгені көрсетіледі;

11. 8 және 9-бағандарда игерілген күні мен игеру сомасына бөлініп, есепті кезеңде қарыз/кредит қаражатының барлығы қанша игерілгені көрсетіледі, қарыз/кредит қаражаты қайтарылған немесе қарыз/кредит бойынша міндеттемелер берілген жағдайда сома "-" белгісімен көрсетіледі;

12. 10-бағанда қарыз/кредит шартының қолданысы басталғаннан бастап және есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша негізгі борышты өтеу бойынша қанша төлем жүргізілгені көрсетіледі;

13. 11-бағанда есепті кезеңде негізгі борышты өтеу бойынша тиесілі төлемдер көрсетіледі (төлемдер кестесіне сәйкес);

14. 12 және 13-бағандарда есепті кезеңде негізгі борышты өтеу бойынша нақты жүргізілген төлемдер күні мен сомасына бөле отырып көрсетіледі;

15. 14-бағанда есепті кезеңнің соңындағы негізгі борыштың қалдығы көрсетіледі.

16. Арифметикалық-логикалық бақылау:

6-баған = алдыңғы кезеңнің 14-бағаны;
 7-баған = алдыңғы кезеңнің 7 + 9-бағандары;
 10-баған = алдыңғы кезеңнің 10 + 13-бағандары;
 14-баған = 6-баған + 9-баған – 13-баған.

Мемлекеттік және мемлекет
кепілдік берген борыш,
мемлекеттің кепілгерлігі
бойынша борыш мониторингінің
қағидаларына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
2-нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin?lang=kk>;

Әкімшілік нысанның атауы: Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету туралы есеп;

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: БҚКЕ-3;
Кезеңділік: тоқсан сайын;
Есепті кезең: 20 ____ жыл ____ тоқсан;

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары;

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда);

ЖСН/БСН:

Жинау әдісі: "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта.

№	Қарызға/кредитке қол қойылған күні және нөмірі	Жобаның атауы	Қарыз/кредит валютасы	Қарыздың /кредиттің қол қойылған сомасы	Сыйақы төлемдері			
					Есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша төлемдердің басынан бастап барлығы	есепті кезеңде		
						тиесілі төлемдер	жүргізілген төлемдер	
							күні	сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
I Бөлім. Республикалық бюджеттен берілген кредиттер								
1) әлеуметтік-экономикалық дамудың орташа мерзімді жоспары шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға;								
1.								

2) үкіметтік сыртқы қарыздар шеңберінде;							
...							
3) қолма-қол ақшаның болжамды тапшылығы кезінде.							
...							
Бөлім бойынша жиыны:							
II Бөлім. Жергілікті атқарушы орган бұрын тартқан кредиттер							
1) әкімнің кепілдігімен;							
...							
2) басқа көздерден.							
...							
Бөлім бойынша жиыны:							
III Бөлім. Ішкі мемлекеттік қарыз алу							
1) мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы							
...							
Бөлім бойынша жиыны:							
IV бөлім. Сыртқы мемлекеттік қарыз алу							
1) қарыз шарты;							
...							
2) мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы.							
...							
Бөлім бойынша жиыны:							
БАРЛЫҒЫ							

кестенің жалғасы

Ілеспе төлемдер төленді			
есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша төлемдердің басынан бастап барлығы	есепті кезеңде		
	тиесілі төлем	жүргізілді	
		күні	сомасы
10	11	12	13

кестенің жалғасы

Мерзімі өтіп кеткен төлемдер					
есепті кезең басында				есепті кезең соңында	
негізгі борыш бойынша	сыйақы бойынша	ілеспе төлемдер	негізгі борыш бойынша	сыйақы бойынша	ілеспе төлемдер
14	15	16	17	18	19
Атауы _____				Мекенжайы _____	
Телефоны _____					
Электрондық пошта мекенжайы _____					
Орындаушы _____					
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)				қолы, телефон	

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____	_____
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)	қолы
Мөрдiң орны	

Ескертпе: "Жергілікті атқарушы орган борышының жай-күйі туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы 2-нысанға қосымшада келтірілген;

ЖСН – Жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – Бизнес сәйкестендіру нөмірі.

"Жергілікті атқарушы орган
борышының жай-күйі туралы
есеп" 2-нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету туралы есеп" (БҚКЕ-3, тоқсан сайын)

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Әкімшілік деректер нысанында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

Ілеспе төлемдер – аванстық төлемдер, комиссияндық төлемдер, айыппұлдар, сақтандыру жарналары және кредит беру шарттарынан туындайтын өзге төлемдер.

2. Есеп тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) жасалады.

3. Есеп:

бөлімнің символы мен атауын көрсете отырып, әр бөлім бойынша бөлек;

қарыз/кредит валютасындағы барлық сандық бағандар бойынша "Барлығы" деген қорытынды жолды қарыз/кредит валютасында және "Бөлімі бойынша жиыны" деген қорытынды жолды теңгеде көрсете отырып, қарыз/кредит валютасында қарыз/кредит шартына сәйкес әрбір қарыз/кредит бойынша бөліністе бөлек толтырылады.

4. Көрсеткіштерді теңгеде келтіру есепті кезеңнің соңғы күнтізбелік күні валюталардың ресми айырбас бағамы бойынша жүргізіледі.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда реті бойынша нөмірленуі көрсетіледі және кейінгі ақпарат реті бойынша нөмірлеуді үзбеуге тиіс;

6. 2-бағанда қарыздың/кредиттің нөмірі мен қол қойылған күні көрсетіледі;

7. 3-бағанда қол қойылған қарыз/кредит шартына сәйкес қарыз/кредит жобасының атауы немесе мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылған жағдайда қарыз алу мақсаты көрсетіледі;

8. 4-бағанда тартылған қарыз/кредит валютасы көрсетіледі;

9. 5-бағанда қол қойылған қосымша келісімдерді ескере отырып, қол қойылған қарыз/кредит сомасы көрсетіледі;

10. 6-бағанда төлемдер басталғаннан бастап және есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша төленген сыйақы төлемдері бойынша ақпарат көрсетіледі;

11. 7-бағанда шарттың талаптарына сәйкес есепті кезеңде төлеуге тиесілі сыйақы төлемдері бойынша ақпарат көрсетіледі;

12. 8 және 9-бағандарда есепті кезеңде төлемнің күні мен сомасына бөле отырып, сыйақы төлемдерінің барлығы қанша жүргізілгені көрсетіледі;

13. 10-бағанда есепті төлемдер басталғаннан бастап есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша ілеспе төлемдердің барлығы қанша төленгені көрсетіледі;

14. 11-бағанда шарттың талаптарына сәйкес есепті кезеңде тиесілі ілеспе төлемдер сомасы көрсетіледі;

15. 12 және 13-бағандарда күні мен сомасына бөле отырып, есепті кезеңде нақты жүргізілген ілеспе төлемдер көрсетіледі;

16. 14, 15, 16, 17, 18 және 19-бағандарда қарызды/кредитті өтеу және оған қызмет көрсету бойынша мерзімі өткен төлемдер көрсетіледі.

17. Арифметикалық-логикалық бақылау:

6-баған = алдыңғы кезеңнің 6 + 9-бағандары;

10-баған = алдыңғы кезеңнің 10 + 13-бағандары.